23°C температура және қысым 775 мм.сын.бағ. газдың көлемі 250 л. Температура 0°C және қысым 760 мм.сын.бағ. болғанда газ көлемі қандай болады?

$$V_0 = \frac{775 + 273 + 250}{296 + 760} = 235 \text{ л.}$$

Егер Клайперон теңдеуін әртүрлі газдың 1 моліне 0°C және 1 атм қарастырса:

$$\frac{1 \cdot 22,4}{273} = \frac{PV}{T} = R \text{ немесе } PV = RT.$$

R – әмбебап газ тұрақтысы, 0,082 л · атм/град · моль.

$$R = \frac{760 \cdot 22,4}{273} R = \frac{760 \cdot 22,4}{273} = 63,36 \text{ мм.сын.бағ.} \cdot \text{л/град} \cdot \text{моль.}$$

Бірнеше моль газдар үшін бұл теңдеу келесідей болады:

$$PV = \nu RT; \quad \nu = \frac{m}{M}; \quad PV = \frac{m}{M} RT \quad PV = \frac{m}{M} RT$$

Бұл Клайперон – Менделеев теңдеуі.

Мысал 8

17°C және 95 кПа қысымда 2 л көлемде орналасқан сутектің массасын есептеңіз.

$$PV = \nu RT = \frac{m}{M} RT \quad ; \quad T = 273 + 17^\circ\text{C};$$

$$m(\text{H}_2) = \frac{PVM}{RT} = \frac{95 \cdot 2 \cdot 2}{8,314 \cdot 290} = 15,76 \text{ г.}$$

(СИ) жүйесінде газ тұрақтысы R = 8,314 Дж/моль·К, қысым – Па, көлем – м³.

P = 95 кПа = 95 · 10³; V = 2 л = 2 · 10⁻³ м³;

M = 2 · 10⁻³ кг/моль. m(H₂) = 15,76 · 10⁻³ кг.

Қысым бірліктерінің арасындағы қатынас

Бірлік	Эквивалент		
	Па	мм.сын.бағ.	атм
1 Па	1	0,75 · 10 ⁻²	0,987 · 10 ⁻⁵
1 мм.сын.бағ.	133,322	1	1,3158 · 10 ⁻³
1 атмосфера	1,013 · 10 ⁵	760,000	1

Әмбебап газ тұрақтысы

$R = 0,082 \text{ л} \cdot \text{атм} / \text{град} \cdot \text{моль}$

$R = 8,314 \text{ Дж} / \text{моль} \cdot \text{К}$

$R = 62,36 \text{ мм сын.бағ.} \cdot \text{л} / \text{град} \cdot \text{моль.}$

Есептер мен жаттығулар БӨЖ

1. Заттың құрамына (масса бойынша) 26,53% калий, 35,37% хром және 38,10% оттегі кіреді. Заттың қарапайым формуласын табыңыз.
2. Күкірт және сутектен тұратын заттың 3,4 г жаққанда 1,8 г су және 6,4 г күкірт (IV) оксиді бөлінеді, егер бұл газдың 1 л массасы 1 л аммиактың массасынан екі есе көп болса, заттың молекулалық массасы қаншаға тең?
3. CaCO_3 ыдырағанда 11,2 л көміртек (IV) оксиді бөлінеді. Бөлінген газдан карбонат алу үшін қанша КОН қажет?
4. Массасы 16 г элемент 6,4 г молекулалық оттегімен әрекеттесіп, құрамы ЭО оксид түзеді. Элементті анықтаңыз.
5. 7,09 г екі валентті металл оксидін тотықсыздандыру үшін 2,24 л сутек (қ.ж.) қажет. Оксидтің және металдың эквивалентін есептеңіз. Металдың атомдық массасы қандай?
6. Ауаның сутек бойынша және сутектің ауа бойынша салыстырмалы тығыздығын есептеңіз.
7. Көміртек (IV) оксиді $3,01 \cdot 10^{26}$ молекуласының қ.ж. массасы мен көлемін есептеңіз.
8. 0°C температурада 0,05 моль газ 1 л көлем алады. Ыдыстағы газдың қысымын анықтаңыз.

Рефераттар тақырыбы

1. Химия пәні. Химия ғылымының басқа ғылымдармен байланысы.
2. Химия ғылымының халық шаруашылығындағы маңызы.
3. Химия және қоршаған орта.
4. Атом-молекулалық ілім.
5. Газ заңдары.
6. Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары.
7. Химиялық реакциялардың жіктелуі.

Глоссарий

- **Молекула** – берілген заттың химиялық қасиеттеріне ие болатын ең кішкене бөлігі. Молекуланың химиялық қасиеттері оның құрамы мен химиялық құрылысымен анықталады.
- **Зат массасының сақталу заңы.** Реакцияға түскен заттардың массасы реакция нәтижесінде түзілген заттардың массасына тең болады.
- **Құрам тұрақтылық заңы.** Алыну әдісіне қарамастан кез-келген молекулалық құрылысты әрбір химиялық таза заттың сапалық және сандық құрамы тұрақты болады.

- **Еселік қатынас заңы.** Егер екі элемент бір-бірімен бірнеше молекулалық қосылыс түзетін болса, онда бір элементтің белгілі тұрақты массасына келетін екінші элементтің массаларының өзара қатынасы кіші бүтін сандардың қатынасындай болады.
- **Бойль – Мариотт заңы:** тұрақты температурада газдың массасындағы көлемі оның қысымына кері пропорционал тәуелділікте болады: $V_1/V_2 = P_2/P_1$
- **Гей-Люссак заңы:** тұрақты қысымда газдың осы массасындағы көлемі оның абсолюттік температурасына тура пропорционал тәуелділікте болады:
 $V_1/V_2 = T_1/T_2$
- **Шарль заңы:** тұрақты көлемде газдың осы массасындағы қысымы оның абсолюттік температурасына тура пропорционал тәуелділікте болады: $P_1/T_1 = P_2/T_2$
- **Менделеев-Клапейрон теңдеуі:**
 $PV/T = P_0V_0/T_0$
 $P_0V_0/T_0 = R$ тұрақты шама, универсал газ тұрақтысы
 $PV = m/MRT$
- **Көлемдік қатынас заңы:** реакцияға қатынасқан газдардың көлемдерінің өзара қатынасы және олардың реакция нәтижесінде түзілген газдардың көлемдерінің қатынасы кіші бүтін сандардың қатынасындай болады.
- **Авогадро заңы:** бірдей жағдайда (бірдей температура мен қысымда) әртүрлі газдардың бірдей көлемдеріндегі молекулалар саны бірдей болады.
- **Эквиваленттер заңы:** Заттар бір-бірімен эквиваленттеріне пропорционал мөлшерде әрекеттеседі.
- **Эквиваленті көлем** – берілген жағдайда заттың 1 эквивалентінің алатын көлемі. Қ.ж. $V_{\text{экв}}(\text{H}_2) = 11,2$ л, ал $V_{\text{экв}}(\text{O}_2) = 5,6$ л.
- **Эквиваленті масса** – бір эквивалент заттың массасы, граммен берілген. $M_{\text{экв}}(\text{H}) = 1$ г. $M_{\text{экв}}(\text{O}) = 8$ г.
- **Эквиваленттік фактор ($f_{\text{экв}}$)** – молекуланың қай бөлігін эквивалент құрайтынын көрсетеді. $M_{\text{экв}} = f_{\text{экв}} \cdot M_{\text{зат}}$

Блиц – тест

1. 270°C және 1,5 атм қысымда 200 л азот диоксидінің (NO_2) салмағы қанша болады?
а) 460; б) 561; в) 380; г) 120; д) 400.
2. 120°C температурада газдың көлемі 450 мл. Қандай температурада газдың көлемі 3 л болады?
а) 1900; б) 1500; в) 2300; г) 1850.
3. 25 л оттек алу үшін сынап оксидінің (II) қанша мөлшері керек?
а) 2,23 моль; б) 1,12 моль; в) 22,4 моль; г) 12,22 моль; д) 3,45 моль;
4. 220°C және 5 атм қысымда 40 г иіс газы қандай көлем алады?
а) 6,9 л; б) 7,2 л; в) 2,5 л; г) 3,5 л; д) 4,0 л.
5. Ауа бойынша салыстырмалы тығыздығы 1,586 болатын газдың формуласы:
а) N_2O ; б) NO ; в) NO_2 ; г) SO_2 ; д) SO_3
6. Массасы 7 г молекулалық азот ең көп көлемі:

- А) қ.ж;
- В) $t = 57^{\circ}\text{C}$; $P = 2$ атм;
- С) $T = 400\text{K}$; $P = 2,026 \cdot 10^2$ кПа;
- Д) $T = 360\text{K}$; $P = 8,104 \cdot 10^3$ Па;
- Е) $T = 200\text{K}$; $P = 1,026 \cdot 10^2$ кПа.

7. Белгісіз зат буының сутек бойынша тығыздығы 4-ке тең болса, оның гелий бойынша тығыздығы:

- А) 8; В) 2; С) 4; Д) 1; Е) 3.

8. «Моль» –

- А) бұл бір молекуланың массасы;
- В) бұл $6,02 \cdot 10^{23}$ молекулалардың массасы;
- С) бұл зат массасының оның мөлшеріне қатынасы;
- Д) бұл құрамында $6,02 \cdot 10^{23}$ құрылымдық бірлігі бар зат мөлшері;
- Е) бұл $6,02 \cdot 10^{23}$ атомдардың массасы.

9. Құрамында 73% ZnO және 27% SiO₂ бар силикаттың формуласы:

- А) ZnO · 2SiO₂;
- В) ZnO · SiO₂;
- С) ZnO · 4SiO₂;
- Д) ZnSiO₃;
- Е) ZnSiO₄.

Әдебиеттер

1. Ж.Ә. Шоқыбаев, З.О. Өнербаева т.б. Бейорганикалық химия практикумы. “Мер-Сал” баспа үйі. Алматы, 2003.
2. М.Ә. Қарсыбеков, Н.М. Қарсыбекова. Аноорганикалық химия. Алматы «Ғылым», 2005.
3. Ж. Бегалиева. Практикум по химии. Алматы: КазККА, 2004.
4. Практикум по неорганической химии, Бабич Л.В. и др. М.1991.
5. Н.Л. Глинка. Сборник упражнений и задач по общей химии. М. 2003.
6. Задачи и упражнения по общей химии под ред. Н.В. Коровина М., 2003.
7. Ахметов Н.С. Общая и неорганическая химия // учеб. 2-ое изд., перераб.и доп. М.: Высшая школа, 1988.
8. Задачи и упражнения по общей химии под ред. Н.В. Коровина М., 2003.
9. Ахметов Н.С. Общая и неорганическая химия // учеб. 2-ое изд., перераб.и доп. М.: Высшая школа, 1988.
10. Бірімжанов Б.А., Нұрахметов Н.Н. Жалпы химия. Алматы. Ана тілі, 1992.

Практикалық сабақ №2

Тақырыбы: Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары

Мақсаты: Бейорганикалық қосылыстардың классификациясы, оларды алу жолдары және олардың арасындағы генетикалық байланысы туралы ұғымды практикада бекіту.

Сабақтың жоспары

1. Бақылау сұрақтары бойынша әңгімелесу.
2. Есеп шығару.
3. Рефераттарды қорғау.
4. БӨЖ орындауын тексеру.
5. АБ (тест).

Бақылау сұрақтары







1. Бейорганикалық қосылыстардың жіктелуі.
2. Анықтамаларын беріп, қасиеттерін сипаттаңыз:
 - а) оксидтердің (негіздік, қышқылдық, амфотерлік);
 - б) металл гидроксидтері (сілті, ерімейтін негіздер, амфотерлік негіздер);
 - в) бейметалл гидроксидтері (қышқылдар);
 - г) тұздар (орта, қышқылдық, негіздік, қос, комплексті).
3. Орта тұздар қышқылдық немесе негіздік тұздарға ауысуы мүмкін бе?
4. Қышқылдық немесе негіздік тұздар орта тұздарға ауысуы мүмкін бе? Сәйкес реакция теңдеулерін көрсетіңіз.
5. Сілтілердің және ерімейтін негіздердің алу жолдарын көрсетіңіз.
6. Зертханада күкіртті және кремний қышқылдарының алу жолдарын салыстырыңыз.
7. Қандай жағдайда тұз ерітінділері өзара әрекеттеседі?
8. Химиялық реакциялардың қандай түрлерін білесіз? Мысал келтіріңіз.
9. Химиялық реакциялардың жіктелуінің принципі.
10. Тотығу-тотықсыздану реакцияларына және диспропорциялау реакциясына мысал келтіріңіз.
11. Химияның қандай заңдарын білесіз. Анықтамасын беріп, мысал келтіріңіз.
12. Д.И. Менделеевтің элементтердің периодтық жүйесінде тотықтырғыш және тотықсыздырғыш қасиеттері, күшті элементтер қай топ және топшада орналасқан?



Рефераттар тақырыбы

1. Химия және қоршаған ортаны қорғау.
2. Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары арасындағы генетикалық байланыс.

Есептер мен жаттығулар БӨЖ

1. Коэффициенттерді қойып, реакцияны теңестіріңіз:






2. Төменде көрсетілген тұздардың орта тұзға айналу реакцияларының теңдеуін жазыңыз: Na_2HPO_4 , $\text{Al}(\text{OH})_3$, $\text{Al}(\text{OH})_2\text{Cl}$, $\text{Bi}(\text{OH})(\text{NO}_3)_2$.









3. Төмендегі қосылыстарды жіктеп, атаңыз:

FeO , HNO_3 , KOH , SO_2 , NO , MgOHCl , $\text{Ca}(\text{H}_2\text{PO}_4)_2$, Fe_2O_3 , NH_4NO_3 , NaClO_3 .

4. Айналым тізбегін жүзеге асырыңыз:



5. Келесі заттардың қайсысы өзара әрекеттеседі:



6. Келесі заттардың қайсысы натрий гидроксидімен әрекеттеседі? Реакция теңдеуін жазыңыз. Барлық заттарды атаңыз

а) Al_2O_3 б) H_2CO_3 с) CrO_3 д) CaO е) CuSO_4 ж) FeSiO_3 з) SnCl_2 и) Zn

7. Келесі заттардың қайсысы хлорсутек қышқылымен әрекеттеседі? Реакция теңдеуін жазыңыз. Барлық заттарды атаңыз:

а) ZnSO_4 б) $\text{Fe}(\text{OH})_2$ с) MgO д) K_2CO_3 е) N_2 ж) H_2SiO_3 з) Hg и) Zn

8. 2 г кальций карбонатын гидрокарбонатқа айналдыру үшін қ.ж. алынған көміртек (IV) оксидінің қандай көлемі қажет?

9. Массасы 12,4 г натрий оксидін суда ерітті. Егер нәтижесінде қышқылдық тұз түзілсе, алынған натрий гидроксидін бейтараптандыру үшін қ.ж. алынған көміртек (IV) оксидінің қандай көлемі қажет?

10. 2,4 г магний жанғандағы түзілген магний оксидінің массасын және реакция типін анықтаңыз.

Глоссарий

- **Оксидтер** – екі элементтің біреуі оттектен тұратын күрделі заттар.
- **Негіздер** – диссоциация кезінде анион ретінде тек гидроксид иондарын түзетін электролиттер.
- **Қышқылдар** – диссоциация кезінде катион ретінде тек сутек катионын түзетін электролиттер. Қышқылдар – құрамында металл атомдарына алмаса алатын бір немесе бірнеше сутек атомынан және қышқыл қалдығынан тұратын күрделі заттар.
- **Амфотерлік гидроксидтер** – қышқылдар және негіздер типі бойынша диссоциацияланатын әлсіз электролиттер.
- **Тұздар** – диссоциация кезінде сулы ерітіндіде металл катиондарын және қышқыл қалдығының аниондарын түзетін күрделі заттар.

- **Қышқылдық тұздар** – қышқылдарда сутек атомдары металл атомдарына толық ауыспау нәтижесінде түзілетін өнімдер.
- **Орта тұздар** – қышқылдардың сутек атомдары метал атомдарын толық ауысу нәтижесінде түзілетін өнімдер.
- **Малахит** – негіздік тұздар, мыс (II) гидроксокарбонаты.
- **Амфотерлік гидроксидтер** – қышқылдық және негіздік қасиеттер көрсететін негіздер.

Блиц – тест

1. Лабораториялық жұмыстарда кептіргіш ретінде қолданатын зат:

- а) CO_2 ;
- б) P_2O_5 ;
- в) FeO ;
- г) MnO_2 ;
- д) Fe_2O_3 .

2. Негіздік оксидтер қатары:

- а) Li_2O , K_2O , P_2O_5 ;
- б) K_2O , Na_2O , NO_2 ;
- в) K_2O , Zn , FeO ;
- г) Fe_2O_3 , SO_2 , CaO ;
- д) CuO , ZnO , CO_2 .

3. Қышқылдық оксидтер қатары:

- а) Li_2O , K_2O , P_2O_5 ;
- б) K_2O , Na_2O , NO_2 ;
- в) P_2O_5 , N_2O_3 , SO_3 ;
- г) Fe_2O_3 , SO_2 , CaO ;
- д) CuO , ZnO , CO_2 .

4. Амфотерлік оксидтер қатары:

- а) Li_2O , K_2O , P_2O_5 ;
- б) K_2O , Na_2O , NO_2 ;
- в) P_2O_5 , N_2O_3 , SO_3 ;
- г) ZnO , Al_2O_3 , SnO_2 ;
- д) CuO , ZnO , CO_2 .

5. Барлық оксидтердің құрамына кіретін элемент:

- а) сутек;
- б) көміртек;
- в) бром;
- г) оттегі;
- д) фосфор.

6. Сілтілік ортада индикатор метилоранж қандай түс көрсетеді:

- а) қызыл;
- б) ашық қызыл;
- в) сары;
- г) өзгермейді;
- д) көк.

7. Ең күшті негіздік қасиет көрсететін гидроксид:

- а) NaOH;
- б) Mg(OH)₂;
- в) Al(OH)₃;
- г) Si(OH)₄;
- д) Mn(OH)₂.

8. Берілген айналымдарды жүзеге асыру үшін қолданатын заттар қатары:



- а) HNO_{3(с)}, Ba(OH)₂, HCl, C (кокс);
- б) HNO_{3(конц)}, Ba(OH)₂, HNO₃, C (кокс);
- в) O₂, BaCl₂, H₂SO₄, Cu;
- д) O₂, BaCO₃, Ba(OH)₂, FeO;

Әдебиеттер

1. Ж.Ә. Шоқыбаев, З.О. Өнербаева т.б. Бейорганикалық химия практикумы. “Мер-Сал” баспа үйі. Алматы, 2003.
2. М.Ә. Қарсыбеков, Н.М. Қарсыбекова. Аноорганикалық химия. Алматы «Ғылым», 2005.
3. Ж. Бегалиева. Практикум по химии. Алматы: КазККА, 2004.
4. Практикум по неорганической химии, Бабич Л.В. и др. М.1991.
5. Н.Л. Глинка. Сборник упражнений и задач по общей химии. М. 2003.
6. Задачи и упражнения по общей химии под ред. Н.В. Коровина М., 2003.
7. Ахметов Н.С. Общая и неорганическая химия // учеб. 2-ое изд., перераб.и доп. М.: Высшая школа, 1988.

Практикалық сабақ №3

Тақырыбы: Атом құрылысы. Д.И.Менделевтің периодтық жүйесі.

Сабақтың мақсаты: Атом құрылысын, элементтердің атомдардағы электрондық құрылысын және оларды энергетикалық деңгейшелерде орналастыруды үйрету. Көп электронды атомдардың электрондарын толтыру ерекшеліктерін меңгерту. Периодты жүйедегі орнына байланысты элементтердің химиялық қасиеттерінің өзгеру заңдылықтарын меңгеру, үйрену.

Сабақтың жоспары

1. Бақылау сұрақтары бойынша әңгімелесу.

2. Есеп шығару.
3. Рефераттарды қорғау.
4. БӨЖ орындауын тексеру.
5. АБ (тест).

Бақылау сұрақтары

1. Атом құрылысы.
2. Резерфордтың атом моделінің жетістіктері мен айырмашылықтары.
3. Бор постулаттарының негізгі жағдайлары.
4. Атом ядросы қандай элементар бөлшектерден тұрады?
5. Бас квант саны.
6. Спин квант саны.
7. Электрондық формулалар қалай құрастырылады?
8. Клечковский ережесін түсіндіріңіз.
9. s және p-орбиталінің пішіндері.
10. Периодтық заңның жаңаша анықтамасының Д.И. Менделеевтің анықтамасынан айырмашылығы қандай?
11. Бір периодта орналасқан элементтердің ортақ қасиеттері қандай?
12. Негізгі топшалардағы электртерістіліктің мәні қандай?

Бақылау сұрақтары

1. Сутек атомының электромагниттік сәулесі.
2. Бор постулаттары және сутек атомындағы электронның күйі.
3. Квант механикасының негізгі принциптері. Электрон табиғатының екі жақтылығы. Де Бройль теңдеуі.
4. Гейзенбергтің анықталмағыштық принципі. Шрейденгер теңдеуі.
5. Бас, орбиталь және магнит квант сандары, олардың физикалық мағыналары. Спин квант саны.
6. Атомдық орбитальдардың кеңістіктегі пішіндері.
7. Көп электронды атомдардың орбитальдарын толтыру принциптері. Энергия минимумы принципі. Клечковский ережелері. Паули принципі. Гунд ережесі.
8. Атомдардың электронды конфигурациялары.
9. Элементтердің периодтық жүйесін атом құрылысы тұрғысынан қарастыру. Периодтар, топтар және топшалар.
10. Атомдардың периодты түрде өзгертін және периодты түрде өзгермейтін қасиеттері.
11. Д.И. Менделеевтің периодтық заңының маңызы.

Есептер мен жаттығулар

1. Хунд ережесін қолданып, реттік нөмірлері 21, 35, 37, 73 элементтердің электрондық формуласын жазыңыз.
2. Келесі иондардың электрондық формуласын жазыңыз:
а) Ca^{2+} ; б) Sn^{2+} ; в) Co^{2+} ; д) Mn^{2+} .

3. Элемент ЭО₆ құрамды оксид түзеді. Сутекпен бұл қосылыс ұшқыш қосылыс түзеді? Ондағы сутектің массалық үлесі 5,88%. Элементтің атомдық массасын есептеп, оны атаңыз.

4. Кремний атомында тұрақты және қозған күйде неше бос 3p – орбитальдары бар?

5. C, N, S, Cl элементтерінің ең төмен тотығу дәрежесі қандай? Неге? Осы элементтердің осы тотығу дәрежелерде алюминиймен түзетін қосылыстарының формуласын жазыңдар.

6. Na, Si, Cl, Mn, Pb элементтер атомдарындағы сыртқы энергетикалық деңгейдегі электрондардың квант сандарын көрсетіңіз.

Глоссарий

- **Бас квант саны (n)**—электрондардың ядродан қашықтығын және энергиясын сипаттайды.
- **Орбиталь квант саны (l)** – электрон бұлтының пішінін көрсетеді.
- **Магнит квант саны (m_s)** – электрон бұлтының кеңістіктегі орналасуын көрсетеді.
- **Спин квант саны** - ($m_s = +\frac{1}{2}$ немесе $-\frac{1}{2}$) электронның өз ұршығы бойынша айналуын көрсетеді.
- **Паули принципі** – атомда барлық 4 квант сандары бірдей екі электрон болуы мүмкін емес.
- **Ең төмен энергия принципі** – электрон энергиясы ең аз орбитальда орналасады.
- **Клечковский ережесі:** 1. $E = \min$ $n + L = \min$
2. $n + L$ қосындысы бірдей болса, бас квант санының мәні ең аз болған деңгейде электронның энергиясы аз болады.
- **Хунд ережесі** – белгілі-бір L-дің мәні үшін атомдарда электрондар спин сандарының қосындысы максимал болатындай орналасады.
- **Д.И. Менделеевтің периодтық заңы:** Химиялық элементтердің қасиеттері және олардың қосылыстарының пішіні мен қасиеттері атом ядросы зарядының өзгеруіне периодты тәуелді болады.
- **Электртерістілік** – молекула құрамындағы атомның өзіне электрон тарту қабілеті.

Блиц - тест

1. Хлор атомының электрондық конфигурациясы:

а) $1s^2 2s^2 2p^2$

б) $1s^2 2s^2 2p^4$

в) $1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^5$

г) $1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^4$

д) $1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6$

2. Электронды оңай қосып алады:

а) С

- б) N
- в) O
- г) F
- д) Cl

3. № 26 элемент қай элементтерге жатады:

- а) s
- б) d
- в) p
- г) f
- д) жауабы жоқ

4. Массасы 19 және 10 нейтроны бар атомда неше электрон бар?

- а) 9
- б) 2
- в) 6
- г) 7
- д) 10

5. Бас квант саны 4 тең атомның максимал электрон саны:

- а) 18
- б) 8
- в) 16
- г) 32
- д) 24

6. Калий атомының сыртқы электронының n , l және m_l квант сандарының мәні:

- а) 4,1,0
- б) 3,2,1
- в) 4,0,0
- г) 3,0,1
- д) 4,1,1

7. Титан және ванадий тұрақты атомдарындағы бос $3d$ – орбитальдардың саны:

- а) 4 және 3
- б) 3 және 2
- в) 3 және 3
- г) 4 және 2
- д) 3 және 5

8. Күшті негіз:

- а) $\text{Cu}(\text{OH})_2$
- б) $\text{Ca}(\text{OH})_2$
- в) $\text{Fe}(\text{OH})_2$
- г) $\text{Ba}(\text{OH})_2$

д) $\text{Sr}(\text{OH})_2$

9. p-элементтерге жататын периодтық жүйедегі элементтер саны:

- а) 18
- б) 32
- в) 30
- г) 28
- д) 34

10. Энергиясы өсу ретімен орналасқан орбитальдар:

- а) 2s, 2p, 2d
- б) 3s, 3p, 3d
- в) 4f, 5s, 6d
- г) 3p, 3d, 3f
- д) 4s, 4d, 4p

Жаттығуларды орындау

Мысал 1

Реттік нөмері 24 элементтің электрондық формуласын жазыңыз. Бұл элемент түзетін оксид және гидроксид формуласын көрсетіңіз.


Шешімі

Реттік нөмері 24 - бұл хром. Клечковский ережесіне сәйкес электрондық формуласы $1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 3d^5 4s^1$ ($3d^5 4s^1$ - валенттік электрондар).

Хунд ережесі бойынша, квант ұяшықтарын толтырамыз:

$$\begin{array}{c} [\uparrow][\uparrow][\uparrow][\uparrow][\uparrow][\uparrow] \\ \sum m_s = +1/2 + 1/2 + 1/2 + 1/2 + 1/2 + 1/2 = 3. \end{array}$$

d-электрондар есебімен хром атомының валенттілігі 2, 3 және 6. Бұл элемент ауыспалы валенттілік көрсетеді және бірнеше оксид, гидроксид түзеді. Валенттілік өскен сайын қосылыстардың қасиеттері негіздік, амфотерлік және қышқылдық болып өзгереді.



Қышқылдық қасиетінің күшеюі

Мысал 2

Элемент атомының электрондық формуласын құрыңыз, оны атаңыз, егер сыртқы энергетикалық деңгейдегі электрондардың квант сандарының (n, l, m, m) мәні келесі: 3, 1, -1, +1/2; 3, 1, 0, +1, +1/2.

Шешімі

Сыртқы энергетикалық деңгейдегі әр электронның күйі келесі квант сандарымен сипатталады:

	n	l	m	m
1 электрон	3	1	-1	+1/2
2 электрон	3	1	0	+1/2
3 электрон	3	1	+1	+1/2

Бас квант саны үшке тең, сонда электрондар үшінші энергетикалық деңгейде орналасады. Орбиталь квант саны орбиталь формасын анықтайды. Егер $l=1$, орбиталь р-орбиталь болады, сонда, үш электрон 3р-деңгейшеде. Магнит квант саны m (-1, 0, +1) орбитальдің кеңістіктегі орналасуын көрсетеді. Басқа үш р-орбитальдарда (p_x , p_y , p_z) бір электроннан бар ($m = +1/2$). Сыртқы энергетикалық деңгейде бес электрон бар. Сыртқы энергетикалық деңгейдің осындай конфигурациясы фосфорда. Р-дың электрондық формуласы: $1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^3$.

Мысал 3

Атомның қай орбитальдары бірінші толады: 3d немесе 4s; 5s немесе 4p? Неге?

Шешімі

4 энергетикалық деңгейшеде ($n+1=4+0=4$), 3 энергетикалық деңгейшеде ($n+1 = 3+2 = 5$), сонда Клечковский ережесіне сәйкес бірінші болып 4s, кейін 3d толады. 5s энергетикалық деңгейшеде ($n+1=5+0=5$) және 4p ($n+1=4+1=5$) бас және орбиталь квант сандарының қосындысы 5-ке тең, бірақ 4p энергетикалық деңгейшеде бас квант саны кіші, сондықтан Клечковскийдің екінші ережесіне сай ол бірінші толады.

Әдебиеттер

1. Ж.Ә. Шоқыбаев, З.О. Өнербаева т.б. Бейорганикалық химия практикумы. “Мер-Сал” баспа үйі. Алматы, 2003.
2. М.Ә. Қарсыбеков, Н.М. Қарсыбекова. Аноорганикалық химия. Алматы «Ғылым», 2005.
3. Ж. Бегалиева. Практикум по химии. Алматы: КазККА, 2004.
4. Практикум по неорганической химии, Бабич Л.В. и др. М.1991.
5. Н.Л. Глинка. Сборник упражнений и задач по общей химии. М. 2003.
6. Задачи и упражнения по общей химии под ред. Н.В. Коровина М., 2003.
7. Ахметов Н.С. Общая и неорганическая химия // учеб. 2-ое изд., перераб.и доп. М.: Высшая школа, 1988.
8. Задачи и упражнения по общей химии под ред. Н.В. Коровина М., 2003.
9. Ахметов Н.С. Общая и неорганическая химия // учеб. 2-ое изд., перераб.и доп. М.: Высшая школа, 1988.
10. Бірімжанов Б.А., Нұрахметов Н.Н. Жалпы химия. Алматы. Ана тілі, 1992.

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі
А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
Биология және химия кафедрасы

Пірімова Э.Р.

Бейорганикалық химия (2 бөлім)
Әдістемелік нұсқаулар

Қостанай, 2014

ББК 24.1
П 29

Рецензенттер:

Ерғалиева Айжан Халиуллақызы, химия ғылымдарының кандидаты, ҚМУ-дың биология және химия кафедрасының доценті

Алтынбаева Лилия Шарифуллақызы, химия магистрі, ҚМУ-дың химия және биология кафедрасының аға оқытушысы

Авторы:

Пірімова Э.Р., биология және химия кафедрасының аға оқытушысы

Пірімова Э.Р. Бейорганикалық химия. Әдістемелік нұсқаулар аграрлық-биологиялық және инженерлік-техникалық факультеттерінің 1 курс білім алушыларының практикалық сабақтарына арналған.-Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2014.- 19 б.

Әдістемелік нұсқаулар аграрлық-биологиялық және инженерлік-техникалық факультеттерінің 1 курс білім алушылары үшін теориялық мағлұматтар мен бақылау тапсырмаларынан тұрады.

Аграрлық-биологиялық факультетінің әдістемелік кеңесінде бекітілген,
__ . __ . 2014 ж. хаттама № __

©Пірімова Э.Р., 2014

Мазмұны

Кіріспе	4
Практикалық сабақ № 1	
Химиялық байланыс.	5
Практикалық сабақ № 2	
Химиялық процестердің энергетикасы. Химиялық термодинамика.....	9
Практикалық сабақ № 3	
Химиялық реакциялардың жылдамдағы. Химиялық тепе – теңдік	13

Кіріспе

Химия қоршаған ортаны зерттейтін жаратылыстану ғылымдарына жатады. Химияның зерттеу объектісі – заттар. Химия заттардың құрамын, қасиеттерін және өзгерістерін зерттейді. Сонымен қатар ол заттардың өзгерістерге ұшырауы барысында байқалатын физикалық құбылыстарды да зерттейді. Мысалы: реакция нәтижесінде жылудың бөлінуі мен сіңірілуін, ерітінділердің электрөткізгіштігінің өзгеруін, қайнау және қату температураларының төмендеуін және жоғарлауын, химиялық энергияның электр энергиясына айналуын және т.б.

Химия өнеркәсіпте зор роль атқарады. Химия және мұнай өңдеу өнеркәсіптері, қара және түрлі түсті металлургия экономиканың дамуына орасан ықпал жасайды. Химия өнеркәсіптері өндіретін маңызды материалдарға жатады: темірдің алуан түрлі құймалары, түрлі-түсті және қымбат бағалы металдар, құрылыс материалдары (цемент, шыны, асбест, гипс, бояғыш заттар, т.б.), каучук және резина, пластмассалар мен полимерлер, синтетикалық және жасанды талшықтар, қағаз, дәрі-дәрмектердің басым көпшілігі, жуғыш заттар (сабындар, шампуньдер, жуғыш ұнтақтар, т.б.), тыңайтқыштар, пестицидтер – ауылшаруашылық өндірісінде өсімдіктердің өнімділігін арттыратын және өсімдіктердің ауруларымен күресуге қолданылатын әртүрлі химиялық заттар. Қазіргі уақытта химияның жетістіктерін тамақ өндірісінде де кең пайдаланады (белсенді тағам қоспалары, өнімнің дәмін және сыртқы түрін жақсартатын тағам қоспалары, консерванттар, антиоксиданттар, т.б.).

Химия – экспериментпен тығыз байланысқан ғылым. Химияның маңызды мақсаттарының бірі - керекті қасиеттерге ие жаңа заттарды синтездеу әдістерін зерттеп табу. Белгілі химиялық қосылыстардың саны орасан көп: ХХ ғасырдың аяғында олардың саны он миллионға жетті.

Әдістемелік нұсқаның әрбір тақырыбында оқытылатын курстың маңызды тарауларын қарастыра отырып, өзін тексеруге арналған бақылау сұрақтары келтірілген, сондай-ақ типтік есептер шығару үшін бақылау тапсырмалары берілген.

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Бірімжанов Б.А., Нұрахметов Н.Н. Жалпы химия. – Алматы: Мектеп, 1993.
2. Омаров Т.Т., Танашева М.Р. Бейорганикалық химия. – Алматы: Дәуір, 2008.– 544 б.
3. Қарсыбеков М.Ә. Аноорганикалық химия. – Алматы: Ғылым, 2005.
4. Сағынаев А.Т., Төремұратова Г.Т. Химия есептерін шығарып үйренейік.- Алматы: Баспа, 1996.
5. Шоқыбаев Ж., Бегалиев Ж. Жалпы химия практикумы. – Алматы: Рауан, 1994.

Тақырыбы: Химиялық байланыс.

Мақсаты: Химиялық байланыс туралы ұғымды қалыптастыру. Химиялық байланыстарды ажыратуға үйрету.

Құралдар: Д.И. Менделеевтің периодтық жүйесі, анықтамалық кестелер.

Сабақтың жоспары

1. Бақылау сұрақтарын талдау.
2. Есептер мен жаттығуларды шығару.
3. Тақырып бойынша рефераттарды қорғау.
4. БӨЖ — 3 тексеру.
5. АБ (тест).

Бақылау сұрақтары

1. Химиялық байланыстың квантты– механикалық тұрғыдан қарастырудың мәні.
2. Химиялық байланыстың негізгі типтері. Мысал келтіріндер.
3. «Валенттілік» және «тотығу дәрежесі» ұғымдарының айырмашылығы?
4. Коваленттік байланыстың қанығуы мен бағытталуы ұғымдарының мәні?
5. Атомдық орбитальдардың гибридтелуі дегеніміз не?
6. Диполь моменті дегеніміз не? Өлшем бірлігі?
7. Бөлшектер арасындағы қандай әрекеттесуді молекулааралық деп атайды?
8. Неге иондық байланысты электростатикалық дейді?
9. Қатты металдардың электр және жылу өткізгіштігі немен себептеледі?
10. Неге көміртек көптеген қосылыстарда төрт валентті болады?

Рефераттар тақырыбы

1. Заттардың агрегаттық күйі.
2. Металдық байланыс.
3. Кристалдық торлар түрлері.
4. Су тектік байланыс.
5. Комплексті қосылыстардағы байланыс.

Есептер мен жаттығулар БӨЖ

1. SiCl_4 қосылысындағы кремнийдің будандасу түрі? Осы молекуланың геометриялық пішіні қандай?
2. Көміртек оксиді молекуласының формасы сызықты. Бұл молекулада σ – және π – байланыс саны?
3. H_2 , F_2 , N_2 энергетикалық диаграммасын жазыңдар. Берілген заттардың қайсысы парамагнитті. Әрбір молекулада байланыс еселігі нешеге тең?
4. Су мен күкіртсутек молекуларының диполдік моменттері 1,84 және 0,94 D. Диполь ұзындығын есептеңіз. Қай молекулада байланыс полюстігі жоғары?

5. Фосфордың максималды валенттілігі беске тең. Неге азотқа ондай валенттілік тән емес?
6. Төмендегі заттардың қайсысы иондық қосылыстарға жатады: H_2 , KCl , N_2 , NH_3 , CaF_2 , CH_4 ? Неге? Осы заттардың түзілу сызбаларын жазыңдар?
7. Неге көміртек иондық кристалдар түзбейді? Неге алмаз торында көміртектің әрбір атомы төрт ковалентті байланыс түзеді?
8. Келесі қосылыстардағы $HClO_4$, H_2S , H_2SO_4 , KJ , NH_3 хлордың, күкірттің, иодтың және азоттың тотығу дәрежелеріне сүйеніп олардың тотықтырғыш немесе тотықсыздандырғыш қасиет көрсететінін анықтаңыз?
9. Су тектік байланыстың түзілу механизмі?
10. Келесі иондардың кеңістік құрылымын анықтаңдар: NO^{2-} , PO_4^{3-} .

Глоссарий

- Химиялық байланыстар атомдардың әрекеттесуі нәтижесінде пайда болған екі атомдық немесе көп атомдық тұрақты жүйелерде (молекулаларда, кристалдарда) түзіледі.
- Энергияның ең аз мөлшеріне сәйкес келетін ядролардың орташа ара қашықтығын химиялық байланыстың ұзындығы деп атайды.
- Полюссіз ковалентті байланыс электртерістігі бірдей атомдар арасында түзіледі.
- Полюсті ковалентті байланыс электртерістігі әртүрлі атомдар арасында түзіледі.
- Электртерістіктерінің мәндерінің айырмасы өте үлкен элементтер бір-бірімен әрекеттескенде атомдардың арасында түзілетін молекулалық электрон бұлты электртерістігі басым элементке қарай шегіне дейін ығысады да, иондық байланыс түзіледі.
- Валенттік байланыс теориясы молекуладағы атомдардың арасындағы химиялық байланыс бір немесе бірнеше жұп электрондар арқылы түзіледі деп үйретеді.
- Молекулалық орбиталь теориясы бойынша молекула өзінің құрамына кіретін ядролар мен электрондардан тұратын тұтас жүйе деп есептеледі және әрбір электрон басқа барлық ядролар мен электрондар өрісінде қозғалып жүреді деп түсіндіреді.

Блиц - тест

1. Ковалентті полюссіз байланыс бар қосылыс:

- a) Cl_2
- б) $NaCl$
- с) HCl
- д) H_2O
- е) CO

2. Азот молекуласындағы байланыс реті нешеге тең:

- a) 2

- б) 3
- с) 4
- д) 5
- е) 0

3. MO әдісі бойынша қай заттарға парамагниттік қасиеті тән:

- а) Cl_2
- б) NaCl
- с) HCl
- д) H_2
- е) O_2

4. Иондық байланыс бар қосылыс:

- а) Cl_2
- б) NaCl
- с) HCl
- д) H_2O
- е) CO

5. ВБ әдісін пайдаланып SiF_4 молекуласының пішінін анықтаңыз:

- а) аяқталмаған үшбұрыш
- б) тетраэдр
- с) сызықтық
- д) аяқталмаған тригоналді бипирамида
- е) аяқталмаған октаэдр

6. ВБ әдісін пайдаланып SO_3 молекуласының пішінін анықтаңыз:

- а) үшбұрыш
- б) тетраэдр
- с) сызықтық
- д) аяқталмаған тетраэдр
- е) аяқталмаған үшбұрыш

7. Байланыс полюстілігі өсу ретімен орналасқан қосылыстар қатары:

- а) HF , HCl , HBr
- б) NH_3 , PH_3 , AsH_3
- с) H_2Se , H_2S , H_2O
- д) CO_2 , CS_2 , CSe_2
- е) HF , HBr , HCl

8. Аммиак молекуласында байланыс түзу үшін қанша электрон қатысады?

- а) 8
- б) 6
- с) 10

- д) 2
- е) 4

9. Су тектік байланыс қай молекулада түзіледі?

- а) CH_4
- б) $\text{C}_2\text{H}_5\text{OH}$
- с) NH_4Cl
- д) CH_3COONa
- е) N_2

10. Күкірт атомында орбиталдарының будандасу түрі:

- а) sp^3
- б) sp^3d
- с) sp^3d^2
- д) sp^2
- е) sp

11. Элементтердің қай жұбы иондық қосылыс түзеді?

- а) Na және O; б) P және S; в) Rb және P; г) C және O; д) Ba және Cl; е) N және Cl.
- а) а, б, в
- б) а, в, д
- с) б, в, г
- д) в, г, д
- е) г, д, е



Есеп шығару мысалдары

1. Парамагнитті тетрабромоникколат (II) – ионының геометриялық пішінін анықтаңыз.


Жауаптары

- а) сызықтық
- б) жазықтық квадрат
- с) үшбұрыш
- д) тетраэдр

Шешімі



Бөлшек парамагнитті, яғни жұптаспаған электрондар бар болғандықтан Хунд ережесін ескеру керек.



sp^3 - будандасу, тэтраэдр.

Жауабы: д

2. Диаманитті тетрацианоникколат (II) – ионының геометриялық пішінің анықтандар.

Жауаптары



а) сызықтық

б) жазықтық квадрат

с) үшбұрыш

д) тэтраэдр

Шешімі



Бөлшек диаманитті, яғни жұптаспаған электрондар жоқ болғандықтан Хунд ережесі бұзылады.

3d 4s 4p 4d

CN CN CN CN

dsp^2 - будандасу, жазықтық квадрат.

Жауабы: б

Әдебиеттер

1. Ж.Ә. Шоқыбаев, З.О. Өнербаева т.б. Бейорганикалық химия практикумы. “Мер-Сал” баспа үйі. Алматы, 2003.

2. М.Ә. Қарсыбеков, Н.М. Қарсыбекова. Аноорганикалық химия. Алматы «Ғылым», 2005.

3. Ж. Бегалиева. Практикум по химии. Алматы: КазККА, 2004.

4. Практикум по неорганической химии, Бабич Л.В. и др. М.1991.

5. Н.Л. Глинка. Сборник упражнений и задач по общей химии. М. 2003.

6. Задачи и упражнения по общей химии под ред. Н.В. Коровина М., 2003.

7. Ахметов Н.С. Общая и неорганическая химия // учеб. 2-ое изд., перераб.и доп. М.: Высшая школа, 1988.

8. Задачи и упражнения по общей химии под ред. Н.В. Коровина М., 2003.

9. Ахметов Н.С. Общая и неорганическая химия // учеб. 2-ое изд., перераб.и доп. М.: Высшая школа, 1988.

10. Бірімжанов Б.А., Нұрахметов Н.Н. Жалпы химия. Алматы. Ана тілі, 1992.

Практикалық сабақ № 2

Тақырыбы: Химиялық процестердің энергетикасы. Химиялық термодинамика.

Мақсаты: Химиялық реакциялар энергетикасы, термодинамика заңдары, химиялық процестердің жүруінің негізгі заңдылықтары туралы ұғымды дамыту.

Сабақтың жоспары

1. Бақылау сұрақтары бойынша әңгімелесу.
2. Есеп шығару.
3. Рефераттарды қорғау.
4. БӨЖ орындауын тексеру.
5. АБ (тест).

Бақылау сұрақтары

1. Берілген термодинамикалық функциялардың қайсысы күй функцияларына жатады: энтальпия, изобаралық – изотермиялық потенциал, Гиббстің бос энергиясы?
2. Термодинамиканың екінші бастамасы қандай тәуелділікті көрсетеді?
3. Су қатқанда энтальпия өзгерісі қандай болады?
4. Термодинамиканың үшінші бастамасы.
5. Гесс заңы, оның салдары.
6. Энтропия, оның мәні мен табиғаты.
7. Ішкі энергия өзгерісі мен энтальпия өзгерісі арасында қандай айырмашылық бар? Қандай параметрлер бұл айырмашылықтарды көрсетеді?
8. Гиббс энергиясы мен химиялық реакцияның стандартты Гиббс энергиясы арасындағы айырмашылық бар?
9. Көміртек модификациясының – алмаз немесе графит тұрақтырақ болады?
10. Энтальпия белгілі болса, химиялық реакцияның бағытына температураның әсерін болжап айтуға бола ма? Мысал келтіріңіз.

Есептер мен жаттығулар БӨЖ

1. Міндетті түрде балқу, булану, еру, полиморфты ауысуларда процестің ΔH мәні нольден жоғары бола ма?
2. Реакциялардың стандартты жағдайдағы жылу эффектілерін есептеңіз:
 - а) $\text{COCl}_2(\text{г}) = \text{CO}(\text{г}) + \text{Cl}_2(\text{г})$
 - б) $2\text{NO}_2(\text{г}) = 2\text{NO}(\text{г}) + \text{O}_2(\text{г})$
 - в) $\text{C}_2\text{H}_4(\text{г}) + \text{H}_2(\text{г}) = \text{C}_2\text{H}_6(\text{г})$
3. 3,6 г темір (II) оксиді көміртек (II) оксидімен әрекеттескенде 0,169 ккал жылу бөлінеді, ал 2,8 г көміртек (II) оксиді жанғанда – 6,768 ккал жылу бөлінеді. Қатты темір (II) оксиді түзілудің стандартты энтальпиясын есептеңіз.
4. 1 моль SO_2 SO_3 дейін тотыққанда 98 кДж жылу бөлінеді. Бұл реакцияның термохимиялық теңдеуін жазыңыз.
5. Пропан түзілуінің стандартты энтальпиясын есептеңіз, егер оның жану реакциясының $\text{C}_3\text{H}_8 + 5\text{O}_2 = 3\text{CO}_2 + 4\text{H}_2\text{O}$ стандартты энтальпиясы $\Delta H_{298}^0 = 2043,86$ кДж /мольге тең.
6. 2 кг суы бар калориметрде температура 70 К көтерілсе, реакция барысында бөлінген жылу мөлшерін анықтаңыз.
7. $2\text{Pb}(\text{NO}_3)_2(\text{т}) = 2\text{PbO}(\text{т}) + 4\text{NO}_2(\text{г}) + \text{O}_2(\text{г})$ тұрақты жағдайда жүретін реакцияның изобаралық-изотермиялық потенциалының өзгеруін есептеңіз.

8. $2A_{2(g)} + B_{2(g)} = 2A_2B_{(g)}$ реакциясына $\Delta S < 0$. Термодинамика тұрғысынан бұл реакцияның жүруі мүмкін бе?

Реферат тақырыптары

1. Фазалық және полиморфты ауысудың энтальпиясы.
2. Ион гидратациясының энтальпиясы.

Глоссарий

- Термодинамика энергияның бір түрден басқа түріне ауысу заңдылықтарын зерттейді.
- Химиялық термодинамика – термодинамиканың заңдылықтарын химиялық процестерге қолданады.
- Термодинамиканың бірінші бастамасы – энергияның әртүрлі пішіндері бір-біріне тек эквивалентті мөлшерде ауысады:
$$Q = \Delta U + A$$
- Жүйенің ішкі энергиясы – молекулалардың, атомдардың, иондардың, электрондардың кинетикалық және потенциалды энергияларының қосындысынан тұратын толық энергиясы.

Блиц- тест

1. $\Delta G = \Delta H - T\Delta S$ теңдеуін қолданып, $\Delta H < 0$, $\Delta S > 0$ болғанда қай тұжырым дұрыс:

- а) реакция ешбір температурада жүрмейді;
- б) реакция жүру үшін температураны көтеру қажет;
- в) реакция төмен температурада жүреді;
- г) реакция әр бір температурада жүреді;
- д) ΔG мәні оң болғандықтан, реакция жүрмейді.

2. 3,2 г күкірт жанғанда 27,9 кДж жылу бөлінді. $S_{(к)} + O_{2(g)} = SO_{2(g)}$ реакциясы бойынша SO_2 түзілу жылуын есептеңіз:

- а) 27,9 кДж; б) 55,8 кДж; в) 279 кДж; г) 0,279 кДж; д) 5,58 кДж.

3. $\Delta G = \Delta H - T\Delta S$ қолданып, $\Delta H > 0$, $\Delta S < 0$ болғанда қай тұжырым дұрыс?

- а) реакция ешбір температурада жүрмейді;
- б) реакция жүру үшін температураны көтеру қажет;
- в) реакция төмен температурада жүреді;
- г) реакция әрбір температурада жүреді;
- д) ΔG мәні оң болғандықтан, реакция жүрмейді.

4. 6,4 г күкірт жанғанда 55,8 кДж жылу бөлінді. $S_{(к)} + O_{2(g)} = SO_{2(g)}$ реакциясы бойынша SO_2 түзілу жылуын есептеңіз:

- а) 27,9 кДж; б) 55,8 кДж; в) 279 кДж; г) 5,58 кДж; д) 0,279 кДж.

5. Жай заттардан 1 моль су түзілгенде 242 кДж бөлінді. 7,2 г судың түзілу реакциясының жылу эффектілерін көрсетіңіз:

а) 95,4; б) 96,8; в) 98,6; г) 101,2; д) 105.

6. 2 л хлор сутекпен әрекеттескенде 16,4 кДж жылу бөлінеді. Тұз қышқылының түзілу жылуы қанша (кДж/моль)?

а) 89,2; б) 90,2; в) 91,8; г) 92,8; д) 101.

7. 1 моль мырыш, темір (II), сутек сульфидтерінің түзілу жылуы сәйкесінше 205 кДж, 100 кДж және 21 кДж. Қай қатарда заттардың күкіртпен әрекеттесу қабілеті төмендеп, содан кейін жоғарылайды?

а) Мырыш, темір, сутек.

б) Сутек, мырыш, темір.

в) Темір, сутек, мырыш.

г) Сутек, темір, мырыш.



д) Мырыш, сутек, темір.

8. $\text{NO}_{(г)} + \text{O}_{2(г)} = 2\text{NO}_2$ реакциясының Гиббстің (кДж) стандартты энергиясы:

а) -70; б) +167; в) +13; г) -110; д) +155.

Мысал 1

1. $\Delta H^0(\text{As}_2\text{O}_3)$ мәнін есептеңіз:



Шешімі

Гесс заңы бойынша екі теңдеуді және олардың жылу эффектілерін қосамыз:

$$4\text{As}_{(к)} + 5\text{O}_{2(г)} = 2\text{As}_2\text{O}_3_{(к)}$$


$$\Delta H_{\text{x,p}}^0 = \Delta H_1 + \Delta H_2 = -1328 + 2(-261) = -1850 \text{ кДж}$$

Мысал 2

Темір (II) оксидінің стандартты энтропиясын және темір (III) оксидінің стандартты Гиббс энергиясын есептеңіз:



Шешімі



S^0 , Дж/(моль·К)	?	205	87
---------------------	---	-----	----

ΔG^0 , кДж/моль	-245	0	?
-------------------------	------	---	---

ν , моль	4	1	2
--------------	---	---	---

Гесс заңының салдары бойынша:

$$\Delta S_{\text{x,p}}^0 = \sum(mS^0)_{\text{өнім}} - \sum(nS^0)_{\text{реагент}}$$

$$-259 = 2 \cdot 87 - 4S^0(\text{FeO}) - 205$$

Әдебиеттер

1. Ж.Ә. Шоқыбаев, З.О. Өнербаева т.б. Бейорганикалық химия практикумы. “Мер-Сал” баспа үйі. Алматы, 2003.
2. М.Ә. Қарсыбеков, Н.М. Қарсыбекова. Аноорганикалық химия. Алматы «Ғылым», 2005.
3. Ж. Бегалиева. Практикум по химии. Алматы: КазККА, 2004.
4. Практикум по неорганической химии, Бабич Л.В. и др. М.1991.
5. Н.Л. Глинка. Сборник упражнений и задач по общей химии. М. 2003.
6. Задачи и упражнения по общей химии под ред. Н.В. Коровина М., 2003.
7. Ахметов Н.С. Общая и неорганическая химия // учеб. 2-ое изд., перераб.и доп. М.: Высшая школа, 1988.
8. Задачи и упражнения по общей химии под ред. Н.В. Коровина М., 2003.
9. Ахметов Н.С. Общая и неорганическая химия // учеб. 2-ое изд., перераб.и доп. М.: Высшая школа, 1988.
10. Бірімжанов Б.А., Нұрахметов Н.Н. Жалпы химия. Алматы. Ана тілі, 1992.

Практикалық сабақ № 3

Тақырыбы: Химиялық реакциялардың жылдамдағы. Химиялық тепе – теңдік.

Мақсаты: Химиялық реакциялардың жылдамдығы, химиялық тепе теңдік туралы ұғымдарды қалыптастыру, Ле- Шателье принципін пайдалануды үйрету.

Сабақтың жоспары


1. Бақылау сұрақтарын талдау
2. Есептерді шығару
3. Тақырып бойынша мәнжазбаларды қорғау
4. СӨЖ
5. Тест

Бақылау сұрақтары

1. Реакция жылдамдығының константасы дегеніміз не? Қандай факторларға тәуелді?
2. Химияның қандай тарауы химиялық жылдамдықты қарастырады?
3. Активтендіру энергиясы дегеніміз не? Қандай фактордың әсерін сипаттайды?
4. Химиялық реакцияның жылдамдығына беттік контакті қалай әсер етеді?
5. Химиялық жылдамдыққа заттар табиғаты қалай әсер етеді?
6. Әрекеттесуші заттардың концентрациясы жылдамдыққа қалай әсер етеді?
7. Тепе – теңдік константасының физикалық мәні?
8. Ле – Шателье принципінің мәні? Гомогенді және гетерогенді катализ дегеніміз не?
9. Химиялық реакцияның механизмі дегеніміз не?


Есептер мен жаттығулар БӨЖ

1. Келесі теңдеулер бойынша жүретін реакциялардың жылдамдығына қатысты теңдеулерді жазыңдар:



2. 21 г темір мен күкірт әрекеттескенде 37,7 кДж бөлінді. Темір (II) сульфидінің стандартты түзілу энтальпиясын анықтаңдар (кДж/моль).



3. Фосфор пентахлоридінің эндотермиялық айырылу реакциясы төмендегі теңдеу бойынша жүреді:




Тепе-теңдікті PCl_5 айыру жағына ығыстыру үшін: а) температураны; б) қысымды; в) концентрацияны қалай өзгерту керек?

4. $2\text{NO} + 2\text{H}_2 \leftrightarrow \text{N}_2 + 2\text{H}_2\text{O}$ гомогенді жүйеде NO , H_2 , N_2 және H_2O бастапқы концентрациялары 0,10; 0,10; 0,05 және 0,10 моль/л. Тепе теңдік константасы нешеге тең?

5. Егерде келесі қосылыстардың стандартты Гиббс энергиялары белгілі болса $\text{MeCO}_{3(к)} \rightarrow \text{MeO}_{(к)} + \text{CO}_{2(г)}$, процеске қатысты Гиббс энергиясын есептеңдер:



Осы мәліметтерді пайдаланып берілген карбонаттардың термиялық тұрақтылық қатарын жазыңдар.



$2\text{NO}_{2(г)} + 2\text{S}_{(к)} \leftrightarrow \text{N}_{2(г)} + 2\text{SO}_{2(г)}$. Гетерогенді реакцияларда тепе – теңдік орнады. Массалар әрекеттесуші заңына сүйеніп тепе теңдік константасын анықтаңдар.

7. $\text{CO}_{(г)} + \text{H}_2\text{O}_{(с)} \leftrightarrow \text{H}_{2(г)} + \text{CO}_{2(г)}$. Қайтымды реакцияның тепе-теңдік константасы белгілі-бір температурада 1 тең. Тепе-теңдік концентрациялары (моль/л): $[\text{H}_2\text{O}]=0,6$; $[\text{H}_2]=0,8$; $[\text{CO}_2]=0,8$. CO_2 бастапқы концентрациясын анықтаңдар.

8. $\text{A} + 2\text{B} \leftrightarrow \text{C}$, келесі моль/л: $[\text{A}]=0,12$, $[\text{B}]=0,24$, $[\text{C}]=0,255$ концентрацияларында реакциясының тепе- теңдік концентрациясын есептеңдер.

9. Стандартты жағдайда күшті қышқылды күшті негізбен бейтараптанудың жылу эффектісі (-57 кДж/моль) тең. 100мл 0,5М HCl ерітіндісі 100 мл 0,5М NaOH әрекеттескенде қанша жылу бөлінетіндігін анықтаңдар.

10. $\text{CH}_4 + \text{CO}_2 \leftrightarrow 2\text{CO} + 2\text{H}_2$, $\Delta H > 0$ жағдайында реакцияның тепе-теңдік константасын анықтаңыз. Сутегі шығымын арттыру үшін температура мен қысымды қалай өзгерту керек.

11. $2\text{NO}_{2(\text{г})} \leftrightarrow 2\text{NO}_{(\text{г})} + \text{O}_{2(\text{г})}$ жүйедегі белгілі-бір температурада келесі концентрацияларда тепе-теңдік орнады. $[\text{NO}_2]=0,06$ моль/л; $[\text{NO}]=0,24$ моль/л; $[\text{O}_2]=0,12$ моль/л. Тепе-теңдік константасын есептеңдер.

Глоссарий

- Фаза деп жүйенің басқа бөліктерінен жанасу беті арқылы бөлінген құрамы мен қасиеттері бірдей жүйенің бөлігін айтады.
- Гетерогенді жүйелердегі фазалар арасында орнайтын тепе-теңдікті фазалар тепе-теңдігі немесе гетерогенді тепе-теңдік деп атайды. Фазалардың тепе-теңдігі температура, қысым және концентрация сияқты термодинамикалық параметрлермен сипатталады.
- Тура реакцияның жылдамдығы кері реакция жылдамдығына тең болатын қайтымды реакцияның күйін химиялық тепе-теңдік дейді.
- **Ле-Шателье принципі:**
- Тепе-теңдік күйде тұрған жүйенің сыртқы жағдайлардың бірі өзгерсе, тепе-теңдік сол өзгеріске қарсы әсер ететін процестің бағытына қарай ығысады.
- Қайтымсыз реакциялар бастапқы заттардың біреуі немесе екеуі таусылғанша ақырына дейін жүреді.
- **Вант – Гофф ережесі** — температура әрбір 10 °C өскенде реакциялар жылдамдығы 2-4 есе өседі.
- **Активтендіру энергиясы** (E_a кДж/моль) – әрекеттесетін қосылыстардың молекулалары активті күйге ауысу үшін жұмсалатын энергия.
- **Катализатор** – реакция жылдамдығын тездететін, бірақ өзі реакцияға түспейтін химиялық қосылыстар.
- **Қайтымсыз реакциялар** – бір ғана жаққа жүретін реакциялар.
- **Қайтымды реакциялар** – бір уақытта екі жаққа да жүретін реакциялар.
- **Химиялық тепе теңдік** – бұл тура реакцияның жылдамдығы (v_1) кері реакцияның жылдамдығына тең болса.

Блиц- тест

1. Берілген $\text{N}_2 + \text{O}_2 \rightarrow 2\text{NO} - Q$ реакцияның тепе-теңдігін NO түзілу бағытына ығыстыру үшін төмендегі өзгерістердің қайсысын орындаған дұрыс?

1. қысымды арттыру;
2. температураны арттыру;
3. температураны төмендету;
4. N_2 концентрациясын азайту;

5. NO концентрациясын арттыру.

2. Қысымды өсіру және температураны төмендету тепе-теңдікті бір мезгілде оң жаққа қарай ығысатын реакция:

1. $2\text{SO}_{2(\text{r})} + \text{O}_{2(\text{r})} \rightarrow 2\text{SO}_3 + \text{Q}$;
2. $\text{CaCO}_{3(\text{к})} \rightarrow \text{CaO}_{(\text{к})} + \text{CO}_{2(\text{r})} - \text{Q}$;
3. $\text{CO}_{2(\text{r})} + \text{C}_{(\text{к})} \rightarrow 2\text{CO}_{(\text{r})} - \text{Q}$;
4. $\text{H}_{2(\text{r})} + \text{Cl}_{2(\text{r})} \rightarrow 2\text{HCl}_{(\text{r})} + \text{Q}$.

3. Берілген $2\text{SO}_2 + \text{O}_2 \rightarrow 2\text{SO}_3$ реакциясында SO_2 концентрациясын 3 есе өсіргенде:

1. реакция жылдамдығы 3 есе артады,
2. реакция жылдамдығы 3 есе кемиді;
3. реакция жылдамдығы 6 есе артады;
4. реакция жылдамдығы 6 есе кемиді;
5. реакция жылдамдығы 9 есе артады.

4. Қысымды өсіру және температураны төмендету тепе-теңдікті бір мезгілде оң жаққа қарай ығысатын реакция:

1. $2. \text{CaCO}_{3(\text{к})} \rightarrow \text{CaO}_{(\text{к})} + \text{CO}_{2(\text{r})} - \text{Q}$
2. $2\text{N}_{2(\text{r})} + \text{O}_{2(\text{r})} \rightarrow 2 \text{N}_2\text{O}_{(\text{r})} + \text{Q}$
3. $\text{CO}_{2(\text{r})} + \text{C}_{(\text{к})} \rightarrow 2\text{CO}_{(\text{r})} - \text{Q}$
4. $\text{H}_{2(\text{r})} + \text{Cl}_{2(\text{r})} \rightarrow 2\text{HCl}_{(\text{r})} + \text{Q}$.

5. Реакция сызбаларында коэффициенттерді қойып, және егерде бастапқы концентрациялары 0,02 моль/л тең болса тепе-теңдік константасын есептеңдер:



- 1) $\text{CH}_{4(\text{r})} + \text{S}_{(\text{к})} \rightarrow \text{CS}_{2(\text{r})} + \text{H}_2\text{S}_{(\text{r})} - \text{Q}$
- 2) $\text{H}_{2(\text{r})} + \text{Cl}_{2(\text{r})} \rightarrow \text{HCl}_{(\text{r})} + \text{Q}$
- 3) $\text{CaCO}_{3(\text{к})} \rightarrow \text{CaO}_{(\text{к})} + \text{CO}_{2(\text{r})} - \text{Q}$
- 4) $\text{H}_2\text{O}_{(\text{r})} \rightarrow \text{O}_{2(\text{r})} + \text{H}_{2(\text{r})} - \text{Q}$
- 5) $\text{S}_{8(\text{к})} + \text{H}_{2(\text{r})} \rightarrow \text{H}_2\text{S}_{(\text{r})} + \text{Q}$
- 6) $\text{CO}_{(\text{r})} + \text{Cl}_{2(\text{r})} \rightarrow \text{COCl}_{2(\text{r})} + \text{Q}$
- 7) $\text{HgO}_{(\text{к})} \rightarrow \text{Hg}_{(\text{с})} + \text{O}_{2(\text{r})} - \text{Q}$

Жауаптар

- А) 0,0004. В) 0,02. С) 1. Д) 50. Е) 4.

6. Температураны төмендеткенде тепе теңдік қай жаққа ығысады?

- 1) $\text{CH}_{4(\text{r})} + \text{S}_{(\text{к})} \rightarrow \text{CS}_{2(\text{r})} + \text{H}_2\text{S}_{(\text{r})} - \text{Q}$
- 2) $\text{H}_{2(\text{r})} + \text{Cl}_{2(\text{r})} \rightarrow \text{HCl}_{(\text{r})} + \text{Q}$
- 3) $\text{Cl}_{2(\text{r})} + \text{NO}_{(\text{r})} \rightarrow (\text{NO})\text{Cl}_{(\text{r})} + \text{Q}$
- 4) $\text{CaCO}_{3(\text{к})} \rightarrow \text{CaO}_{(\text{к})} + \text{CO}_{2(\text{r})} - \text{Q}$
- 5) $\text{H}_2\text{O}_{(\text{r})} \rightarrow \text{O}_{2(\text{r})} + \text{H}_{2(\text{r})} - \text{Q}$
- 6) $\text{S}_{8(\text{к})} + \text{H}_{2(\text{r})} \rightarrow \text{H}_2\text{S}_{(\text{r})} + \text{Q}$









Жауаптар

А) оңға

В) солға

С) ығыспайды.

7. Температура мен қысымды бірге жоғарлатқанда реакция өнімінің шығымы қалай өзгертіндігін көрсетіңіз (формулалар астында олардың энтальпиялар берілген, кДж/моль).



Жауаптар







А) өседі

В) кемиді

С) өзгермейді

Д) жауап беру үшін жағдай толық көрсетілмеген.

8. Температура мен қысымды бірге жоғарлатқанда тепе-теңдік константасы қалай өзгертіндігін көрсетіңіз (формулалар астында олардың энтальпиялары берілген, кДж/моль).



Жауаптар

А) өседі

В) кемиді

С) өзгермейді

Д) жауап беру үшін жағдай толық көрсетілмеген.

Есеп шығару мысалы

Мысал 1

Газ қоспасының көлемін 3 есе азайтқанда, $2\text{SO}_{2(r)} + \text{O}_{2(r)} \leftrightarrow 2\text{SO}_{3(r)}$ жүйесінде тура және кері реакцияларының жылдамдығы қалай өзгереді? Жүйенің тепе-теңдік күйі қай жаққа қарай ығысады?

Шешімі


Әрекеттесетін заттардың концентрациялары: $[\text{SO}_2]=a$, $[\text{O}_2]=b$, $[\text{SO}_3]=c$. Әрекеттесуші массалар заңы бойынша тура және кері реакциялардың жылдамдығы қоспа көлемі өзгергенге дейін $\vartheta_1=k_1a^2b$ және $\vartheta_2=k_2c^2$. Жүйенің көлемі үш есе өзгергеннен кейін, сол шамада әрекеттесуші заттардың концентрациялары да өзгереді, яғни $\vartheta_1^1 = k_1(3a)^23b = 27 k_1a^2b$; $\vartheta_2^1 = k_2(3c)^2 = 9k_2c^2$. Осыдан, $\vartheta_1^1 / \vartheta_1 = 27k_1a^2b / k_1a^2b = 27$. $\vartheta_2^1 / \vartheta_2 = 9k_2c^2 / k_2c^2 = 9$.

Ле-Шателье принципіне сәйкес қоспа көлемінің төмендеуі концентрациялардың жоғарылауына әкеледі, яғни тепе-теңдік тура реакция бағытында ығысады.

Мысал 2

Белгілі бір температурада $2\text{SO}_3(r) \leftrightarrow 2\text{SO}_2(r) + \text{O}_2(r)$ жүйесінде заттардың тепе-теңдіктегі концентрациялары 0,04; 0,12 және 0,06 моль/л. Осы реакцияның тепе-теңдік константасын есептеңіз.

Шешімі



[], моль/л 0,04 0,12 0,06

n, моль 2 2 1

ӘМЗ бойынша осы реакцияның тепе-теңдік константасы

$$K_p = [\text{SO}_2]^2[\text{O}_2] / [\text{SO}_3]^2 = 0,12^2 \cdot 0,006 / 0,04^2 = 0,54.$$

Мысал 3

$2\text{SO}_2 + \text{O}_2 \leftrightarrow 2\text{SO}_3$ жүйесінде берілген $\Delta H < 0$ жүйесінде SO_2 берілген концентрациясында SO_3 шығымын жоғарылату үшін тепе-теңдікті қалай ығыстыру керек?

Шешімі

Ле-Шателье принципі бойынша бұл мақсатқа жету үшін:

а) O_2 концентрациясын жоғарылату; б) SO_3 концентрациясын азайту (реакция ортасын алыну); в) қысымды жоғарылату; г) температураның төмендеуі.

Әдебиеттер

1. Ж.Ә. Шоқыбаев, З.О. Өнербаева т.б. Бейорганикалық химия практикумы “Мер-Сал” баспа үйі. Алматы 2003.
2. М.Ә. Қарсыбеков, Н.М. Қарсыбекова. Аноорганикалық химия Алматы «Ғылым» 2005.
3. Ж. Бегалиева. Практикум по химии. Алматы: КазККА.2004.
4. Практикум по неорганической химии, Бабич Л.В. и др. М.1991.
5. Н.Л. Глинка. Сборник упражнений и задач по общей химии. М. 2003
6. Задачи и упражнения по общей химии под ред. Н.В. Коровина М., 2003,-
7. Ахметов Н.С. Общая и неорганическая химия // учеб. 2-ое изд., перераб.и доп. М.: Высшая школа, 1988.
8. Задачи и упражнения по общей химии под ред. Н.В. Коровина М., 2003
9. Ахметов Н.С. Общая и неорганическая химия // учеб. 2-ое изд., перераб.и доп. М.: Высшая школа, 1988.
10. Бірімжанов Б.А., Нурахметов Н.Н. Жалпы химия. Алматы. Ана тілі, 1992.

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі
А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
Биология және химия кафедрасы

Пірімова Э.Р.

Бейорганикалық химия (3 бөлім)
Әдістемелік нұсқаулар

Қостанай, 2014

ББК 24.1
П 29

Рецензенттер:

Ерғалиева Айжан Халиуллақызы, химия ғылымдарының кандидаты, ҚМУ-дың биология және химия кафедрасының доценті

Алтынбаева Лилия Шарифуллақызы, химия магистрі, ҚМУ-дың химия және биология кафедрасының аға оқытушысы

Авторы:

Пірімова Э.Р., биология және химия кафедрасының аға оқытушысы

Пірімова Э.Р. Бейорганикалық химия. Әдістемелік нұсқаулар аграрлық-биологиялық және инженерлік-техникалық факультеттерінің 1 курс білім алушыларының практикалық сабақтарына арналған.-Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2014.- 20 б.

Әдістемелік нұсқаулар аграрлық-биологиялық және инженерлік-техникалық факультеттерінің 1 курс білім алушылары үшін теориялық мағлұматтар мен бақылау тапсырмаларынан тұрады.

Аграрлық-биологиялық факультетінің әдістемелік кеңесінде бекітілген,
__ . __ . 2014 ж. хаттама № __

©Пірімова Э.Р., 2014

Мазмұны

Кіріспе	4
Практикалық сабақ № 1	
Бейэлектролиттердің сұйытылған ерітінділерінің қасиеттері	5
Практикалық сабақ № 2	
Ерітінділер концентрациясы	9
Практикалық сабақ № 3	
Электролиттік диссоциация. Ион алмасу реакциялары.....	14

Кіріспе

Химия қоршаған ортаны зерттейтін жаратылыстану ғылымдарына жатады. Химияның зерттеу объектісі – заттар. Химия заттардың құрамын, қасиеттерін және өзгерістерін зерттейді. Сонымен қатар ол заттардың өзгерістерге ұшырауы барысында байқалатын физикалық құбылыстарды да зерттейді. Мысалы: реакция нәтижесінде жылудың бөлінуі мен сіңірілуін, ерітінділердің электрөткізгіштігінің өзгеруін, қайнау және қату температураларының төмендеуін және жоғарлауын, химиялық энергияның электр энергиясына айналуын және т.б.

Химия өнеркәсіпте зор роль атқарады. Химия және мұнай өңдеу өнеркәсіптері, қара және түрлі түсті металлургия экономиканың дамуына орасан ықпал жасайды. Химия өнеркәсіптері өндіретін маңызды материалдарға жатады: темірдің алуан түрлі құймалары, түрлі-түсті және қымбат бағалы металдар, құрылыс материалдары (цемент, шыны, асбест, гипс, бояғыш заттар, т.б.), каучук және резина, пластмассалар мен полимерлер, синтетикалық және жасанды талшықтар, қағаз, дәрі-дәрмектердің басым көпшілігі, жуғыш заттар (сабындар, шампуньдер, жуғыш ұнтақтар, т.б.), тыңайтқыштар, пестицидтер – ауылшаруашылық өндірісінде өсімдіктердің өнімділігін арттыратын және өсімдіктердің ауруларымен күресуге қолданылатын әртүрлі химиялық заттар. Қазіргі уақытта химияның жетістіктерін тамақ өндірісінде де кең пайдаланады (белсенді тағам қоспалары, өнімнің дәмін және сыртқы түрін жақсартатын тағам қоспалары, консерванттар, антиоксиданттар, т.б.).

Химия – экспериментпен тығыз байланысқан ғылым. Химияның маңызды мақсаттарының бірі - керекті қасиеттерге ие жаңа заттарды синтездеу әдістерін зерттеп табу. Белгілі химиялық қосылыстардың саны орасан көп: ХХ ғасырдың аяғында олардың саны он миллионға жетті.

Әдістемелік нұсқаның әрбір тақырыбында оқытылатын курстың маңызды тарауларын қарастыра отырып, өзін тексеруге арналған бақылау сұрақтары келтірілген, сондай-ақ типтік есептер шығару үшін бақылау тапсырмалары берілген.

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Бірімжанов Б.А., Нұрахметов Н.Н. Жалпы химия. – Алматы: Мектеп, 1993.
2. Омаров Т.Т., Танашева М.Р. Бейорганикалық химия. – Алматы: Дәуір, 2008.– 544 б.
3. Қарсыбеков М.Ә. Аноорганикалық химия. – Алматы: Ғылым, 2005.
4. Сағынаев А.Т., Төремұратова Г.Т. Химия есептерін шығарып үйренейік.- Алматы: Баспа, 1996.
5. Шоқыбаев Ж., Бегалиев Ж. Жалпы химия практикумы. – Алматы: Рауан, 1994.

Тақырыбы: Бейэлектролиттердің сұйытылған ерітінділерінің қасиеттері
Мақсаты: Ерітінділердің физика-химиялық теориясының негізгі қағидаларымен, ерітінділердің жалпы қасиеттерімен таныстыру

Сабақтың жоспары

1. Бақылау сұрақтары бойынша әңгімелесу
2. Есеп шығару
3. Мәнжазбаларды қорғау.
4. СӨЖ орындауын тексеру.
5. АБ(тест)

Бақылау сұрақтары

1. Ерітінділердің физикалық теориясының негізгі қағидалары
2. Ерітінділердің химиялық теориясы
3. Ерітінділердің физика-химиялық теориясының негізгі қағидалары
4. Су қасиеттерінің аномальділігі неде?
5. Сулы және сусыз ерітінді дегеніміз не?
6. Ерітінділердің жіктелуі?
7. Заттарды сұйық еріткіштерде еріткенде қандай процестер жүреді?.
8. Температураны төмендеткенде қатты заттардың ерігіштігі қалай өзгереді
9. Гидрат (сольват) дегеніміз не?
10. Ерудің жылу эффектісі?
11. Ерігіштік қисықтары нені көрсетеді?
12. Осмос қысымы дегеніміз не?
13. Бейэлектролиттердің сұйытылған ерітінділерінің қасиеттерін сипаттаңыз: ерітінді бетіндегі бу қысымы, қайнау температурасының көтерілуі, қату температурасының төмендеуі.

Реферат тақырыптары

1. Су химиясы.
2. Судың ластану көздері.
3. Ағын суларын тазарту.
4. Ерітінділер түрі. Дисперсті жүйелер.

Есептер мен жаттығулар БӨЖ

1. 1,4 л көлемінде 22,5 г қанты ($M=342$) бар ерітіндінің 22°C осмостық қысымын есептеңіз.
2. Глицериннің ($M=92$) 2,3% ерітіндісінің қайнау және қату температурасын есептеңіз.
3. Қанттың судағы ерітіндісінің қайнау температурасы $0,312^{\circ}\text{C}$ жоғарылайды, осы ерітіндінің қату температурасының төмендеуін есептеңіз.

4. H_2SO_4 10 мл 15% ерітіндісін ($\rho=1,10$ г/мл) дайындау үшін 96%-тік күкірт қышқылының ($\rho =1,84$ г/мл) және судың қандай массасын алу қажет.
5. 250 г 10 % қышқыл ерітіндісіне осы қышқылдың концентрациясы белгісіз 500 г ерітіндісі қосылып, 25 % ерітінді алынды. Қосылған ерітіндінің концентрациясын анықтаңыз.
6. Na_2CO_3 10 % ерітіндісінің 200 г алу үшін Na_2CO_3 5% ерітіндісінің және $\text{Na}_2\text{CO}_3 \cdot 10\text{H}_2\text{O}$ кристаллогидратының қандай массасын алу керек.
7. 25% ерітіндінің 0,35 кг буландырғанда, оның массасы 0,1 кг дейін азайды. Алынған ерітіндінің массалық үлесі қандай?
8. 10 % ерітіндінің 500 г алу үшін массалық үлестері 0,3 және 0,05 ерітінділерін қандай қатынаста араластыру керек?
9. 0,2 л суда 56 л аммиак (қ.ж.) ерітілген. Алынған ерітіндіде заттың массалық үлесі қандай?
10. Фосфор қышқылының 0,5 н ерітіндісінің 2 л массасын есептеңіз.

Глоссарий

- **Ерітінділер** – еріген зат, еріткіш және олардың әрекеттесуінің өнімдерінен тұратын гомогенді жүйе.
- **Ерігіштік** – берілген температурада 100г (немесе 1000 мл) еріткіште ерітін заттың максимал мөлшері.
- **Қаныққан ерітінділер** – еріген затпен ерімеген зат тепе-теңдікте болатын ерітінділер.
- **Қанықпаған ерітінділер** – бірдей температурада концентрациясы қаныққан ерітіндінің концентрасынан аз болатын ерітінді.
- **Қаныққан будың қысымы** – сұйықтықпен тепе-теңдікте болатын бу қысымы.
- **Рауль заңы** – ерітінді бетіндегі еріткіштің қаныққан бу қысымының төмендеуі еріген заттың мольдік үлесіне тура пропорционал. ($P = P_0 \cdot \chi^0$).
- **Сұйықтықтың қайнау температурасы** – сұйықтық бетіндегі қаныққан бу қысым атмосфералық қысыммен теңесетін температура.
- **Эбуллиоскопиялық тұрақты (E)** – тек еріткіштің табиғатына тәуелді, 1 кг еріткіште 1 моль зат ерігендегі қайнау температурасының жоғарылауына тең.
- **Криоскопиялық тұрақты (K)** – тек еріткіштің табиғатына тәуелді, 1 кг еріткіште 1 моль зат ерігендегі қату температурасының төмендеуіне тең.
- **Осмоз** – жартылай өткізгіш мембранамен бөлінген ерітіндіге еріткіштің өздігінен өтуі.
- **Осмоз қысымы** – осмосты тежеуге қажетті қысым.
- **Вант – Гофф теңдеуі:** $P_{\text{осм}} = \nu RT / V = mRT / MV$.

Блиц - тест

1. Ерітінділер:

А) бір компоненттен тұратын гетерогенді жүйе;

В) құрамы ауыспалы, екі немесе бірнеше компонентерден тұратын гомогенді жүйе;

- С) құрамы тұрақты гомогенді жүйе;
- Д) құрамы тұрақты гетерогенді жүйе;
- Е) дұрыс жауабы жоқ.

2. Тас тұзына ең күшті еріткіш:

- А) ацетон;
- В) су;
- С) бензол;
- Д) тетрахлорметан;
- Е) этил спирті.

3. 4 % калий хлоридінің диссоциация дәрежесін есептеңіз, егер бұл ерітінді -2°C температурасында қата бастайды:

- А) 20;
- В) 10;
- С) 40;
- Д) 16,67;
- Е) 25.

4. 80°C температурада натрий хлоридінің ерігіштігі 38 г 80°C қаныққан және 0°C салқындатылған 600 г ерітіндісінен кристалданатын натрий хлоридінің массасы:

- А) 7,0 г;
- В) 9,5 г;
- С) 10 г;
- Д) 2,2 г;
- Е) 5,0 г.

5. Қандай жағдайда қанықпаған калий нитратының ерітіндісі қаныққан бола алмайды?

- А) ерітіндінің салқындауы;
- В) калий нитратының кристалдарын қосу;
- С) еріткішті буландыру;
- Д) еріткіш қосу;
- Е) дұрыс жауабы жоқ.

6. 18 % ерітіндісінің 250 г және 4,5 % ерітіндінің 200 г қосу арқылы алынған натрий гидроксидінің ерітіндісіндегі тұздың массалық үлесі қандай?

- А) 16 %;
- В) 18 %;
- С) 20 %;
- Д) 14 %;
- Е) 12 %.

7. Алюминий нитратының 8% ерітіндісінің 350 г 50г су қосылды. Нәтижесінде алынған ерітіндінің массалық үлесі қандай.

- A) 8 %;
- B) 5 %;
- C) 6 %;
- D) 9 %;
- E) 7 %.

8. 3% калий иодидінің 400 г ерітіндісін дайындау үшін қанша тұз алу керек?

- A) 30 г;
- B) 40 г;
- C) 12 г;
- D) 18 г;
- E) 75 г.

9. 300 г суда 50 г мыс купоросы кристаллогидратын ерітті. Ерітіндідегі сусыз мыс (II) сульфатының массалық үлесі:

- A) 18,28;
- B) 9,14;
- C) 25,13;
- D) 30,25;
- E) 10;

10. 2 М ерітіндінің 400 мл алу үшін өткір натриден қанша алу керек?

- A) 65 г;
- B) 78,4 г;
- C) 36 г;
- D) 47 г;
- E) 54 г.

Әдебиеттер

1. Ж.Ә.Шоқыбаев, З.О. Өнербаева т.б. Бейорганикалық химия практикумы “Мер-Сал” баспа үйі. Алматы 2003.
2. М.Ә.Қарсыбеков, Н.М.Қарсыбекова. Аноорганикалық химия. Алматы «Ғылым» 2005.
3. Ж.Бегалиева. Практикум по химии. Алматы: КазККА.2004.
4. Практикум по неорганической химии, БабичЛ.В. и др. М.1991.
5. Н.Л. Глинка. Сборник упражнений и задач по общей химии.М.2003.
6. Задачи и упражнения по общей химии под ред. Н.В. Коровина М., 2003.
7. Ахметов Н.С. Общая и неорганическая химия // учеб. 2-ое изд., перераб.и доп. М.: Высшая школа, 1988.
8. Задачи и упражнения по общей химии под ред. Н.В. Коровина М., 2003.
9. Ахметов Н.С. Общая и неорганическая химия // учеб. 2-ое изд., перераб.и доп. М.: Высшая школа, 1988.

10. Бірімжанов Б.А., Нұрахметов Н.Н. Жалпы химия. Алматы. Ана тілі, 1992.

Практикалық сабақ № 2

Тақырыбы: Ерітінділер концентрациясы

Мақсаты: Ерітінділердің физика-химиялық теориясының негізгі қағидаларымен, ерітінділердің жалпы қасиеттерімен таныстыру, ерітінділердің концентрациясы туралы білімдерін жетілдіру.

Сабақтың жоспары

1. Бақылау сұрақтары бойынша әңгімелесу
2. Есеп шығару
3. Мәнжазбаларды қорғау.
4. СӨЖ орындауын тексеру.
5. АБ(тест)

Бақылау сұрақтары

1. Су қасиеттерінің аномальділігі неде?
2. Сулы және сусыз ерітінді дегеніміз не?
3. Ерітінділердің жіктелуі?
4. Заттарды сұйық еріткіштерде еріткенде қандай процестер жүреді?
5. Температураны төмендеткенде қатты заттардың ерігіштігі қалай өзгереді?
6. Гидрат (сольват) дегеніміз не?
7. Ерудің жылу эффектісі?
8. Ерігіштік қисықтары нені көрсетеді?
9. Осмос қысымы дегеніміз не?
10. Еріген заттың концентрациясын қандай әдістермен көрсетеді?

Есептер мен жаттығулар БӨЖ

1. 250 г суда 50 г $\text{FeSO}_4 \cdot 7\text{H}_2\text{O}$ кристаллогидраты ерітілген. Ерітіндідегі сусыз темір (II) сульфатының проценттік концентрациясын есептеңіз.
2. Құрамында 8 % сусыз тұзы бар ерітіндінің 1 л дайындау үшін қажетті мыс купоросының $\text{CuSO}_4 \cdot 5\text{H}_2\text{O}$ және судың массаларын табыңыз. 8% CuSO_4 ерітіндісінің тығыздығы 1,084 г/мл.
3. 10 % сілті ерітіндісін алу үшін NaOH 30 % ерітіндісінің 200 мл ($\rho = 1,33$ г/мл) қанша су қосу керек?
4. 15% H_2SO_4 ($\rho = 1,10$ г/мл) ерітіндісінің 10 мл дайындау үшін 96% ерітіндінің ($\rho=1,84$ г/мл) және судың қандай массасын алу керек?
5. 250 г 10 % қышқыл ерітіндісіне осы қышқылдың концентрациясы белгісіз 500 г ерітіндісі қосылып, 25 % ерітінді алынды. Қосылған ерітіндінің концентрациясын анықтаңыз.
6. Na_2CO_3 10 % ерітіндісінің 200 г алу үшін Na_2CO_3 5% ерітіндісінің және $\text{Na}_2\text{CO}_3 \cdot 10\text{H}_2\text{O}$ кристаллогидратының қандай массасын алу керек.

7. 25% ерітіндінің 0,35 кг буландырғанда, оның массасы 0,1 кг дейін азайды. Алынған ерітіндінің массалық үлесі қандай?
8. 0,2 л суда 56 л аммиак (қ.ж.) ерітілген. Алынған ерітіндіде заттың массалық үлесі қандай?
9. Фосфор қышқылының 0,5 н ерітіндісінің 2 л массасын есептеңіз.

Глоссарий

- **Ерітінділер** – еріген зат, еріткіш және олардың әрекеттесуінің өнімдерінен тұратын гомогенді жүйе.
- **Ерігіштік** – берілген температурада 100г (немесе 1000мл) еріткіште ерітін заттың максимал мөлшері.
- **Қаныққан ерітінділер** – еріген затпен ерімеген зат тепе-теңдікте болатын ерітінділер.
- **Қанықпаған ерітінділер** – бірдей температурада қаныққан ерітіндінің концентрациясынан концентрациясы аз болатын ерітінді.
- **Қаныққан будың қысымы** – сұйықтықпен тепе-теңдікте болатын бу қысымы.
- **Рауль заңы** – ерітінді бетіндегі еріткіштің қаныққан бу қысымының төмендеуі еріген заттың мольдік үлесіне тура пропорционал. ($P = P_0 \cdot \chi^0$).
- **Сұйықтықтың қайнау температурасы** – сұйықтық бетіндегі қаныққан бу қысым атмосфералық қысыммен теңесетін температура.
- **Эбуллиоскопиялық тұрақты (E)** – тек еріткіштің табиғатына тәуелді, 1 кг еріткіште 1 моль зат ерігендегі қайнау температурасының жоғарылауына тең.
- **Криоскопиялық тұрақты (K)** – тек еріткіштің табиғатына тәуелді, 1 кг еріткіште 1 моль зат ерігендегі қату температурасының төмендеуіне тең.
- **Осмоз** – жартылай өткізгіш мембранамен бөлінген ерітіндіге еріткіштің өздігінен өтуі.
- **Осмоз қысымы** – осмосты тежеуге қажетті қысым.
- **Вант – Гофф теңдеуі:** $P_{осм} = \nu RT / V = mRT / MV$.
- **Моляльдік концентрация** – еріген зат мөлшерінің (моль) еріткіш массасына (кг) қатынасы.
- **Мольдік концентрация** – 1 л ерітіндідегі еріткен заттың мөлшері.
- **Нормальдік концентрация** – 1 л ерітіндідегі еріген заттың эквивалент саны.
- **Массалық үлес(ω)** – еріген зат массасының жалпы ерітінді массасына қатынасы.
- **Титр (Т)** – еріген зат массасының (г) ерітінді көлеміне қатынасы (мл).

Блиц - тест

1. Ерітінділер:

- А) бір компоненттен тұратын гетерогенді жүйе;
- В) құрамы ауыспалы, екі немесе бірнеше компонентерден тұратын гомогенді жүйе;
- С) құрамы тұрақты гомогенді жүйе;

- Д) құрамы тұрақты гетерогенді жүйе;
- Е) дұрыс жауабы жоқ.

2. Тас тұзына ең күшті еріткіш :

- А) ацетон;
- В) су;
- С) бензол;
- Д) тетрахлорметан;
- Е) этил спирті.

3. 4 % калий хлоридінің диссоциация дәрежесін есептеңіз, егер бұл ерітінді -2 °С температурасында қата бастайды:

- А) 20;
- В) 10;
- С) 40;
- Д) 16,67;
- Е) 25.

4. 80 ° С температурада натрий хлоридінің ерігіштігі 38 г. 80°С қаныққан және 0°С салқындатылған 600 г ерітіндісінен кристалданатын натрий хлоридінің массасы:

- А) 7,0 г;
- В) 9,5 г;
- С) 10 г;
- Д) 2,2 г;
- Е) 5,0г.

5. Қандай жағдайда қанықпаған калий нитратының ерітіндісі қаныққан бола алмайды?

- А) ерітіндінің салқындауы;
- В) калий нитратының кристалдарын қосу;
- С) еріткішті буландыру;
- Д) еріткіш қосу;
- Е) дұрыс жауабы жоқ.

6. 18 % ерітіндісінің 250 г және 4,5 % ерітіндінің 200 г қосу арқылы алынған натрий гидроксидінің ерітіндісіндегі тұздың массалық үлесі қандай?

- А) 16 %;
- В) 18 %;
- С) 20 %;
- Д) 14 %;
- Е) 12 %.

7. Алюминий нитратының 8% ерітіндісінің 350 г 50 г су қосылды. Нәтижесінде алынған ерітіндінің массалық үлесі қандай?

- A) 8 %;
- B) 5 %;
- C) 6 %;
- D) 9 %;
- E) 7 %.

8. 3% калий иодидінің 400 г ерітіндісін дайындау үшін қанша тұз алу керек?

- A) 30 г;
- B) 40 г;
- C) 12 г;
- D) 18 г;
- E) 75 г.

9. 300 г суда 50 г мыс купоросы кристаллогидратын ерітті. Ерітіндідегі сусыз мыс (II) сульфатының массалық үлесі:

- A) 18,28;
- B) 9,14;
- C) 25,13;
- D) 30,25;
- E) 10.

10. 2М ерітіндінің 400 мл алу үшін өткір натридi қанша алу керек:

- A) 65 г;
- B) 78,4 г;
- C) 36 г;
- D) 47 г;
- E) 54 г.

Есеп шығару мысалы

Мысал 1

Заттың ерітіндідегі ($\rho=1,122$ г/мл) 12 массалық үлес, % мөлшері. Ерітіндідегі FeSO_4 мольдік және нормальдік концентрацияларын есептеңіз.

Шешімі

1 л ерітіндінің массасы:

$$m_p = V \cdot \rho = 1000 \cdot 1,122 = 1122 \text{ г}$$

1 л ерітіндідегі FeSO_4 массасы:

$$m(\text{FeSO}_4) = \omega \cdot m_p = 0,12 \cdot 1122 = 134,6 \text{ г}$$

$$M_3(\text{FeSO}_4) = 152 \text{ г/моль} = 1/2$$

1 л ерітіндідегі FeSO_4 мөлшері:

$$n(\text{FeSO}_4) = 134,6 / 152 = 0,886 \text{ моль}$$

Ерітіндінің мольдік концентрациясы:

$$C_M(\text{FeSO}_4) = 0,886 \text{ моль/л}$$

Ерітіндінің нормальдік концентрациясы:

$$C_n(\text{FeSO}_4) = C_m / f(\text{FeSO}_4) = 0,886 / (1/2) = 1,772 \text{ моль/л}$$

Мысал 2

50 см³ қышқыл ерітіндісін бейтараптандыру үшін 25 см³ 0,5 н сілті ерітіндісі жұмсалды. Қышқыл ерітіндісінің нормальдік концентрациясы қандай?

Шешімі

Заттар бір-бірімен эквивалентті мөлшерде әрекеттесетіндіктен, мольдік концентрациялары бірдей ерітінділер де бірдей көлемде әрекеттеседі. Нормальдік концентрациялары әртүрлі болған кезде әрекеттесуші заттардың көлемдері олардың нормальдігіне кері пропорционал.

$$V_1 : V_2 = C_{H1} : C_{H2} \text{ немесе } V_1 : C_{H1} = V_2 : C_{H2}$$

$$50 C_{H1} = 25 \cdot 0,5 \quad C_{H1} = \frac{25 \cdot 0,5}{50} = 0,25 \text{ Н}$$

Мысал 3

Белгілі заттың массалық үлесі 0,2 ерітіндісінің 100 г осы заттың массалық үлесі 0,32 ерітіндісінің 50 г араластырылған. Алынған ерітіндінің массалық үлесі қандай?

Бер:

$$m_1 = 100 \text{ г}$$

$$\omega_1 = 0,20$$

$$m_2 = 50 \text{ г}$$

$$\omega_2 = 0,32$$

$$\omega_3 = ?$$

Шешім:

1-әдіс. Араластыру формуласы бойынша.

$$m_1 / m_2 = (\omega_3 - \omega_2) / (\omega_1 - \omega_3)$$

$$100 \text{ г} / 50 \text{ г} = (\omega_3 - 0,32) / (0,2 - \omega_3)$$

$$0,4 - 2 \omega_3 = \omega_3 - 0,32$$

$$0,72 = 3 \omega_3; \quad \omega_3 = 0,24$$

2-әдіс. Алгебралық.

Шешімі

$$m_1 \cdot \omega_1 + m_2 \cdot \omega_2 = \omega_3 \cdot (m_1 + m_2)$$

$$\omega_3 = (m_1 \cdot \omega_1 + m_2 \cdot \omega_2) / (m_1 + m_2)$$

$$\omega_3 = (100 \text{ г} \cdot 0,2 + 50 \text{ г} \cdot 0,32) / (100 \text{ г} + 50 \text{ г}) = (20 + 16) / 150 = 0,24$$

3-әдіс. Крест ережесі бойынша

Шешімі

$$0,20 \quad \omega_3 \quad \omega_3 - 0,32; 100 \text{ г}$$

$$0,32 \quad \omega_3 \quad 0,20 - \omega_3; 50 \text{ г}$$

$$(\omega_3 - 0,32) / (0,20 - \omega_3) = 100 \text{ г} / 50 \text{ г}$$

$$\omega_3 - 0,32 = 0,4 - 2 \omega_3; \quad 3 \omega_3 = 0,72; \quad \omega_3 = 0,24.$$

4 –әдіс. Сатылы есептеу арқылы.

Шешімі

а) бірінші ерітіндідегі еріген заттың массасын есептейді:

$$m(\text{е.з}) = m(\text{ер-ді}) \cdot \omega$$

$$m_1(\text{е.з}) = 100 \text{ г} \cdot 0,20 = 20 \text{ г}$$

б) екінші ерітіндідегі еріген заттың массасын есептейді:

$$m_2(\text{е.з}) = 50 \text{ г} \cdot 0,32 = 16 \text{ г}$$

в) қоспадағы еріген заттың массасын есептейді:

$$m_3(\text{е.з}) = 20 \text{ г} + 16 = 32 \text{ г}$$

г) жаңа ерітіндінің массасын есептейді:

$$m_3(\text{еріт}) = 100 \text{ г} + 50 = 150 \text{ г}$$

д) жаңа ерітіндінің массалық үлесін есептейді:

$$\omega_3 = m_3(\text{зат}) / m_3(\text{ер-ді}); \omega_3 = 36 \text{ г} / 150 \text{ г} = 0,24.$$

Жауабы: алынған ерітіндінің массалық үлесі $\omega_3 = 0,24$ немесе 24 %.

Әдебиеттер

1. Ж.Ә. Шоқыбаев, З.О. Өнербаева т.б. Бейорганикалық химия практикумы “Мер-Сал” баспа үйі. Алматы 2003.
2. М.Ә. Қарсыбеков, Н.М. Қарсыбекова. Аноорганикалық химия. Алматы. «Ғылым» 2005.
3. Ж. Бегалиева. Практикум по химии. Алматы: КазККА.2004.
4. Практикум по неорганической химии, Бабич Л.В. и др. М.1991.
5. Н.Л. Глинка. Сборник упражнений и задач по общей химии. М.2003.
6. Задачи и упражнения по общей химии под ред. Н.В. Коровина М., 2003.
7. Ахметов Н.С. Общая и неорганическая химия // учеб. 2-ое изд., перераб.и доп. М.: Высшая школа, 1988.
8. Задачи и упражнения по общей химии под ред. Н.В. Коровина М., 2003.
9. Ахметов Н.С. Общая и неорганическая химия // учеб. 2-ое изд., перераб.и доп. М.: Высшая школа, 1988.
10. Бірімжанов Б.А., Нұрахметов Н.Н. Жалпы химия. Алматы. Ана тілі, 1992.

Практикалық сабақ № 3

Тақырыбы: Электродиттік диссоциация. Иондық алмасу реакциялары.

Мақсаты: Электродиттердің диссоциациясы, диссоциациялану константасы, дәрежесі туралы, реакцияның иондық теңдеу туралы ұғымды қалыптастыру.

Сабақтың жоспары

1. Бақылау сұрақтары бойынша әңгімелесу.
2. Есеп шығару.
3. Мәнжазбаларды қорғау.
4. СӨЖ орындауын тексеру.
5. АБ(тест)

Бақылау сұрақтары

1. Қандай заттар элетролит және бейэлектролит болады? Мысал келтіріңіз.
2. Электролиттік диссоциация теориясының негізгі қағидалары?
3. Бір элемент ионы мен атомының қасиеттері неге әр түрлі болады?
4. Диссоциация константасы нені сипаттайды?
5. Барлық сұйытылған сулы ерітінділерге судың иондық көбейтіндісі тұрақты шама бола ма?
6. Сулы ерітіндінің ортасын қалай көрсетуге болады?
7. Қандай қышқылдар және негіздер теориясын білесіз?
8. Қай жағдайда электролит ерітінділерінде алмасу реакциялары қайтымсыз болады?
9. Күшті электролит ерітінділерінің ерекшелігі неде?






Реферат тақырыптары

1. Қышқыл және негіздер теориясы.
2. Электролиттік диссоциация теориясы.
3. Дисперстік ерітінділер. Коллоидты жүйелер.
4. Индикаторлар.

Есептер мен жаттығулар

1. Электролиттік диссоциациясының дәрежесі қандай факторларға тәуелді? Оны қалай ұлғайтуға болады? Қалай кемітуге болады?
2. Тұз қышқылының ерітіндісіндегі сутек ионының концентрациясын қалай кемітуге болады?
3. Тұнбада никель (II) гидроксидін алу үшін қандай заттардың ерітінділерін алу керек? Осы процестің молекулалық және иондық теңдеуін жазыңыз.
4. Сірке қышқылының диссоциациялану константасын есептеңіз, егер 0,1н ерітіндісінде диссоциациялану дәрежесі 1,32 %.
5. Күкіртсутектің қаныққан ерітіндісі децимольді. Осы ерітіндідегі сутек иондарының концентрациясын есептеңіз. (Диссоциацияның бірінші сатысы бойынша).
6. Келесі иондық теңдеулерді молекулалық түрде жазыңыз:
 - а) $\text{Pb}^{2+} + 2 \text{J}^{-} =$
 - б) $\text{Hg}^{2+} + 2 \text{Cl}^{-} =$
7. Сірке қышқылының 0,2 н ерітіндісінде сутек ионының концентрациясын және диссоциациялану дәрежесін есептеңіз.
8. Кальций гидрокарбонатымен тұз қышқылының арасында жүретін реакцияның молекулалық және иондық теңдеуін құрыңыз.
9. Концентрациясы $2 \cdot 10^{-3}$ моль/л күміс нитраты ерітіндісінің 20 мл және концентрациясы $1 \cdot 10^{-4}$ моль/л калий хроматы ерітіндісінің 30 мл араласқан. Тұнба түседі ме?

10. Реакциялардың иондық және молекулалық теңдеулерін құрыңыз, тепе-теңдіктің оңға ығысуын түсіндіріңіз:








Глоссарий

- **Фаза** – жүйенің басқа бөліктерінен жанасу беті арқылы бөлінген құрамы мен қасиеттері бірдей жүйенің бөлігі.
- **Жүйе** – қоршаған ортадан ажыратылған затпен немесе зат қоспасымен толтырылған кеңістік бөлігі.
- **Электролиттік диссоциация** – суда еру немесе балқу процестерінде оң және теріс ион түзілуімен жүретін электролит молекулаларының ыдырауы.
- **Диссоциация дәрежесі (α)** – иондарға ыдыраған молекулалар санының ерітіндідегі молекулалардың жалпы санына қатынасы.
- **Вант-Гоффың изотонды коэффициенті** – бұл электролиттік диссоциация нәтижесінде ерітіндідегі бөлшек санының ұлғаюы. $P_{осм} = iCRT$.
- **Оствальдтың сұйылту заңы** – ерітінді сұйық болған сайын әлсіз электролиттің диссоциациялану дәрежесі жоғары болады. $K = \alpha^2 \cdot C$.
- **Сутекті көрсеткіш рН** – сутек иондарының концентрациясының теріс ондық көрсеткіші.
- **Буфер ерітінділер** – қышқыл немесе негіздің аз мөлшерін қосқанда рН мәні өзгермейтін ерітінділер. ($\text{CH}_3\text{COOH} + \text{CH}_3\text{COONa}$), ($\text{NH}_4\text{OH} + \text{NH}_4\text{Cl}$), ($\text{NaH}_2\text{PO}_4 + \text{Na}_2\text{HPO}_4$).
- **Ерігіштік көбейтіндісі** – қаныққан ерітіндіде аз еритін зат иондар концентрацияларының көбейтіндісі тұрақты шама (ЕК).

Блиц - тест

1. Протолиз реакциясында бірінші реагенттің функциясын анықтаңыз.




Жауаптар

А) Қышқыл С) Непротолит.

В) Негіз. Д) Амфолит.

2. Протолиттің қабысқан бөлшегінің формуласын жазып, зарядын анықтаңыз.






- 3) N_3^- 7) PO_4^{3-}
4) HSO_4^- 8) H_3AsO_4

Жауаптар

- A) 2- B) 1- C) 0 D) 2+

3. Екі протолиттің қайсысы (а немесе б) сулы ерітінділерде салыстырмалы күштірек болады (жақшада қышқылдық константасы берілген)?



Жауаптар

- A) а B) б C) Күші бірдей D) Білмеймін.

4. Концентрациясы 0,01 моль/л КОН ерітіндісіндегі сутек иондарының концентрациясы қандай? КОН толық диссоциацияланған

- A) 10^{-12} моль/л
B) 0,01 моль /л
C) 10^{-2} моль/л
D) 10^{-3} моль/л

E) ерітінді сілтілі болғандықтан, онда сутек иондары болуы мүмкін емес.

5. Электролиттің диссоциациялану дәрежесі 95 %. Ерітіндіге енгізілген электролиттің 120 молекуласынан қаншасы диссоциацияланады?

- A) 4
B) 44
C) 114
D) 120
E) 60

6. Көпнегізді қышқылдар мен негіздер бірінегіздімен салыстырғанда қалай диссоциацияланады?

- A) өте тез
B) өте баяу
C) сатылы
D) мүлдем диссоциацияланбайды
E) дұрыс жауап жоқ

7. Барий карбонатының тұз қышқылымен әрекеттесу реакциясының қысқартылған иондық теңдеуі:

- А) $\text{Ba}^{2+} + 2\text{Cl}^- = \text{BaCl}_2$;
 В) $\text{Ba}^{2+} + \text{CO}_3^{2-} + 2\text{H}^+ + 2\text{Cl}^- = \text{Ba}^{2+} + \text{CO}_3^{2-} + 2\text{HCl}$;
 С) $\text{BaCO}_3 + 2\text{H}^+ = \text{Ba}^{2+} + \text{CO}_2 + \text{H}_2\text{O}$;
 Д) $2\text{H}^+ + \text{CO}_3^{2-} = \text{H}_2\text{CO}_3$;
 Е) дұрыс жауап жоқ.

8. Егер құмырсқа қышқылының HCOOH ($K=1,8 \cdot 10^{-4}$) 0,2 М ерітіндісінің 1 л-не 0,1 моль натрий формиатын HCOONa қосқанда сутек ионының концентрациясы қалай өзгереді?

- А) 2,0 есе
 В) 1,66 есе
 С) 2,66 есе
 Д) 4,0 есе
 Е) 1,50 есе

Есептер мен жаттығуларды шығару мысалы


Мысал 1

Натрий гидроортофосфатының судың артық мөлшерімен әрекеттесуінің иондық теңдеуінде стехиметриялық коэффициенттерінің қосындысын анықтаңыз.

Жауаптар

- А) 7 В) 8 С) 9 Д) 12

Шешімі



Жауабы: Г

Мысал 2

Алюминий сульфаты мен натрий карбонатын араластырып, қыздырғанда не байқалады?


Жауаптар:

- А) Түссіз газ бөлінеді;

- Б) Ақ тұнба түседі;
В) Қара тұнба түседі;
Г) Тұнба ерітіндіге көшеді.

Шешімі

Алюминий карбонатының толық гидролизі жүреді



Жауабы: А, Б.


Мысал 3

Алюминий сульфаты мен натрий карбонатының сулы ерітіндідегі реакцияның молекулалық теңдеуін құрып, стехиометриялық коэффициент қосындысын анықтаңыз.

Жауаптар

- А) 7 В) 9 В) 12 Г) 15

Шешімі



Жауабы: Г





Мысал 4

AgBr тұнбасына (а) азот қышқылының; (б) аммиак гидратының, (в) натрий гидроксидінің, (г) хлорсутек қышқылының концентрленген ерітінділері қосылған. Қай жағдайда тұнба ериді?

Жауаптар:

- А) а В) б,а В) а, б, в. Г) б

Шешімі



Жауабы: Г

Әдебиеттер

1. Ж.Ә. Шоқыбаев, З.О. Өнербаева т.б. Бейорганикалық химия практикумы “Мер-Сал” баспа үйі. Алматы 2003.
2. М.Ә. Қарсыбеков, Н.М. Қарсыбекова. Аноорганикалық химия. Алматы «Ғылым» 2005.
3. Ж. Бегалиева. Практикум по химии. Алматы: КазККА. 2004.
4. Практикум по неорганической химии, Бабич Л.В. и др. М.1991.
5. Н.Л. Глинка. Сборник упражнений и задач по общей химии. М.2003.

6. Задачи и упражнения по общей химии под ред. Н.В. Коровина М., 2003.
7. Ахметов Н.С. Общая и неорганическая химия // учеб. 2-ое изд., перераб.и доп. М.: Высшая школа, 1988.
8. Задачи и упражнения по общей химии под ред. Н.В. Коровина М., 2003.
9. Ахметов Н.С. Общая и неорганическая химия // учеб. 2-ое изд., перераб.и доп. М.: Высшая школа, 1988.
10. Бірімжанов Б.А., Нурахметов Н.Н. Жалпы химия. Алматы. Ана тілі, 1992.

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі
А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
Биология және химия кафедрасы

Пірімова Э.Р.

Бейорганикалық химия (4 бөлім)
Әдістемелік нұсқаулар

Қостанай, 2014

ББК 24.1
П 29

Рецензенттер:

Ерғалиева Айжан Халиуллақызы, химия ғылымдарының кандидаты, ҚМУ-дың биология және химия кафедрасының доценті

Алтынбаева Лилия Шарифуллақызы, химия магистрі, ҚМУ-дың химия және биология кафедрасының аға оқытушысы

Авторы:

Пірімова Э.Р., биология және химия кафедрасының аға оқытушысы

Пірімова Э.Р. Бейорганикалық химия. Әдістемелік нұсқаулар аграрлық-биологиялық және инженерлік-техникалық факультеттерінің 1 курс білім алушыларының практикалық сабақтарына арналған.-Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2014.- 26 б.

Әдістемелік нұсқаулар аграрлық-биологиялық және инженерлік-техникалық факультеттерінің 1 курс білім алушылары үшін теориялық мағлұматтар мен бақылау тапсырмаларынан тұрады.

Аграрлық-биологиялық факультетінің әдістемелік кеңесінде бекітілген,
__ . __ . 2014 ж. хаттама № __

©Пірімова Э.Р., 2014

Мазмұны

Кіріспе.....	4
Практикалық сабақ № 1	
Су тектік көрсеткіш. Тұздар гидролизі	5
Практикалық сабақ № 2	
Ерігіштік көбейтіндісі	7
Практикалық сабақ № 3	
Тотығу-тотықсыздану реакциялары.....	11
Практикалық сабақ № 4, 5	
Электрхимиялық процестер.....	17
Практикалық сабақ № 6	
Комплексті қосылыстар.....	20
Бақылау және емтихан сұрақтары.....	24

Кіріспе

Химия қоршаған ортаны зерттейтін жаратылыстану ғылымдарына жатады. Химияның зерттеу объектісі – заттар. Химия заттардың құрамын, қасиеттерін және өзгерістерін зерттейді. Сонымен қатар ол заттардың өзгерістерге ұшырауы барысында байқалатын физикалық құбылыстарды да зерттейді. Мысалы: реакция нәтижесінде жылудың бөлінуі мен сіңірілуін, ерітінділердің электрөткізгіштігінің өзгеруін, қайнау және қату температураларының төмендеуін және жоғарлауын, химиялық энергияның электр энергиясына айналуын және т.б.

Химия өнеркәсіпте зор роль атқарады. Химия және мұнай өңдеу өнеркәсіптері, қара және түрлі түсті металлургия экономиканың дамуына орасан ықпал жасайды. Химия өнеркәсіптері өндіретін маңызды материалдарға жатады: темірдің алуан түрлі құймалары, түрлі-түсті және қымбат бағалы металдар, құрылыс материалдары (цемент, шыны, асбест, гипс, бояғыш заттар, т.б.), каучук және резина, пластмассалар мен полимерлер, синтетикалық және жасанды талшықтар, қағаз, дәрі-дәрмектердің басым көпшілігі, жуғыш заттар (сабындар, шампуньдер, жуғыш ұнтақтар, т.б.), тыңайтқыштар, пестицидтер – ауылшаруашылық өндірісінде өсімдіктердің өнімділігін арттыратын және өсімдіктердің ауруларымен күресуге қолданылатын әртүрлі химиялық заттар. Қазіргі уақытта химияның жетістіктерін тамақ өндірісінде де кең пайдаланады (белсенді тағам қоспалары, өнімнің дәмін және сыртқы түрін жақсартатын тағам қоспалары, консерванттар, антиоксиданттар, т.б.).

Химия – экспериментпен тығыз байланысқан ғылым. Химияның маңызды мақсаттарының бірі - керекті қасиеттерге ие жаңа заттарды синтездеу әдістерін зерттеп табу. Белгілі химиялық қосылыстардың саны орасан көп: ХХ ғасырдың аяғында олардың саны он миллионға жетті.

Әдістемелік нұсқаның әрбір тақырыбында оқытылатын курстың маңызды тарауларын қарастыра отырып, өзін тексеруге арналған бақылау сұрақтары келтірілген, сондай-ақ типтік есептер шығару үшін бақылау тапсырмалары берілген.

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Бірімжанов Б.А., Нұрахметов Н.Н. Жалпы химия. – Алматы: Мектеп, 1993.
2. Омаров Т.Т., Танашева М.Р. Бейорганикалық химия. – Алматы: Дәуір, 2008.– 544 б.
3. Қарсыбеков М.Ә. Аноорганикалық химия. – Алматы: Ғылым, 2005.
4. Сағынаев А.Т., Төремұратова Г.Т. Химия есептерін шығарып үйренейік.- Алматы: Баспа, 1996.
5. Шоқыбаев Ж., Бегалиев Ж. Жалпы химия практикумы. – Алматы: Рауан, 1994.

Тақырыбы: Су тектік көрсеткіш. Тұздар гидролизі

Мақсаты: Ортаның қышқылдығы, су тектік көрсеткіш және тұздар гидролизі туралы ұғымды қалыптастыру.

Сабақтың жоспары

1. Бақылау сұрақтары бойынша әңгімелесу.
2. Есеп шығару.
3. Мәнжазбаларды қорғау.
4. СӨЖ орындауын тексеру.
5. АБ(тест).

Бақылау сұрақтары

1. Су тектік көрсеткіш дегеніміз не? Оны қалай есептейді?
2. Қандай химиялық процесті гидролиз дейді?
3. Гидролиздің мәні неде?
4. Қандай тұздар күшті гидролизденеді?
5. Қандай тұздар гидролизденбейді? Неге?
6. Қандай факторлар және олар қалай гидролизге әсер етеді?
7. Әрбір сулы ерітіндінің ортасын қалай сипаттауға болады?
8. Қышқыл және негіздердің қандай теорияларын білесіз?
9. Қандай жағдайда электролит ерітінділерінде алмасу реакциялары қайтымсыз жүреді?
10. Күшті электролит ерітінділерінің ерекшелігі неде?

Есептер мен жаттығулар

1. Берілген тұздардың қайсысы суда еріген кезде сілтілік орта көрсетеді Na_2SO_4 , CaCO_3 , BaCl_2 , Na_2S . Жауабыңызды реакция теңдеулерімен дәлелденіз.
2. KNO_3 , NaNO_3 , $\text{Cu}(\text{NO}_3)_2$, $\text{Al}(\text{NO}_3)_3$ тұз ерітінділері берілген. Қандай ерітінділерде H^+ ионының концентрациясы OH^- ионының концентрациясына тең болады? Жауабыңызды түсіндіріңіз.
3. Неге Na_2SO_3 және Na_2S ерітінділерінің ортасы сілтілік, ал ZnSO_4 және NH_4NO_3 ерітінділерінің ортасы қышқылды болады. Жауабыңызды иондық және молекулалық теңдеулермен көрсетіңіз.
4. Гидролиздің қандай жағдайларында қышқылдық және негіздік тұздар түзіледі? Сәйкесті реакциялардың ионды-молекулалық теңдеуін келтіріңіз.
5. MgSO_4 , K_2SO_3 ерітінділерінің рН мәні қандай (7 көп немесе аз)? Реакциялардың теңдеуін көрсетіңіз.
6. Индикатор арқылы BeCl_2 және BaCl_2 ерітінділерін ажыратуға бола ма? Жауабыңызды түсіндіріңіз.
7. Берілген тұздардың қайсысы толық гидролизденеді $\text{Cr}_2(\text{SO}_4)_3$, Fe_2S_3 , AlCl_3 ? Жауабыңызды реакция теңдеулерімен дәлелденіз.

Глоссарий

- **Сутектік көрсеткіш рН** – теріс таңбамен алынған сутек ионы концентрациясының оңдық логарифмі.
- **Буферлік ерітінділер** – қышқылдың немесе негіздің аз мөлшерін қосқанда ерітіндінің рН мәні өзгермейтін немесе аз өзгертін ерітінділер. Буферлік ерітінділер ретінде әлсіз қышқыл және оның тұздарының қоспасы алынады ($\text{CH}_3\text{COOH} + \text{CH}_3\text{COONa}$) немесе әлсіз негіз және оның тұздарының қоспасы ($\text{NH}_4\text{OH} + \text{NH}_4\text{Cl}$), немесе әртүрлі орынбасу дәрежедегі көпнегізді қышқыл тұздары ($\text{NaH}_2\text{PO}_4 + \text{Na}_2\text{HPO}_4$).
- **Тұздар гидролизі** – тұздардың су әсерінен ыдырауы, нәтижесінде бейтарап әлсіз электролиттер түзіледі.
- **Гидролиз дәрежесі** – тұздардың гидролизденген молекула санының жалпы еріген молекула санына қатынасы.

Блиц - тест

1. Қандай тұздар катион бойынша гидролизденеді?

- А) натрий сульфаты;
- В) мыс сульфаты;
- С) натрий карбонаты;
- Д) алюминий сульфиді;
- Е) натрий хлориді.

2. Берілген екі электролиттерден (а немесе б) сулы ерітіндіде күштірек болады? (жақшада қышқылдық константасы берілген).

- | | | |
|--|----------------------|-----|
| 1) $\text{NH}_3 \cdot \text{H}_2\text{O} + \text{H}_2\text{O} \leftrightarrow$ | $(5 \cdot 10^{-10})$ | (а) |
| $\text{CH}_3\text{COO}^- + \text{H}_2\text{O} \leftrightarrow$ | $(2 \cdot 10^{-5})$ | (б) |
| 2) $\text{CO}_3^{2-} + \text{H}_2\text{O} \leftrightarrow$ | $(6 \cdot 10^{-11})$ | (а) |
| $\text{NH}_3 \cdot \text{H}_2\text{O} + \text{H}_2\text{O} \leftrightarrow$ | $(5 \cdot 10^{-10})$ | (б) |
| 3) $\text{NH}_4^+ + \text{H}_2\text{O} \leftrightarrow$ | $(5 \cdot 10^{-10})$ | (а) |
| $\text{Be}^{2+} \cdot \text{H}_2\text{O} + \text{H}_2\text{O} \leftrightarrow$ | $(3 \cdot 10^{-7})$ | (б) |

Жауаптар

- А) а; В) б; С) күштері бірдей; Д) білмеймін.

3. Толық диссоциациялану жағдайында концентрациясы 0,01 моль/л КОН ерітіндісінде сутек ионының концентрациясы:

- А) 10^{-12} моль/л
- В) 0,01 моль /л
- С) 10^{-2} моль/л
- Д) 10^{-3} моль/л
- Е) ерітінді сілтілік болғасын, сутек иондары болуы мүмкін емес.

4. Электрлиттің диссоциациялану дәрежесі 95 %. Енгізілген 120 молекулалардың қаншасы диссоциацияланады:

- А) 4

- В) 44
- С) 114
- Д) 120
- Е) 60

5. Көпнегізді қышқыл мен негіздер бірнегізділерге қарағанда қалай диссоциацияланады?

- А) бір сәтте;
- В) өте баяу;
- С) сатылы;
- Д) диссоциацияланбайды;
- Е) дұрыс жауабы жоқ.

6. Барий карбонатының тұз қышқылымен әрекеттесуінің қысқартылған иондық теңдеуі:

- А) $\text{Ba}^{2+} + 2\text{Cl}^- = \text{BaCl}_2$
- В) $\text{Ba}^{2+} + \text{CO}_3^{2-} + 2\text{H}^+ + 2\text{Cl}^- = \text{Ba}^{2+} + \text{CO}_3^{2-} + 2\text{HCl}$
- С) $\text{BaCO}_3 + 2\text{H}^+ = \text{Ba}^{2+} + \text{CO}_2 + \text{H}_2\text{O}$
- Д) $2\text{H}^+ + \text{CO}_3^{2-} = \text{H}_2\text{CO}_3$
- Е) дұрыс жауабы жоқ

Әдебиеттер

1. Ж.Ә.Шоқыбаев, З.О. Өнербаева т.б. Бейорганикалық химия практикумы “Мер-Сал” баспа үйі. Алматы 2003.
2. М.Ә. Қарсыбеков, Н.М. Қарсыбекова. Аноорганикалық химия Алматы «Ғылым» 2005.
3. Ж. Бегалиева. Практикум по химии. Алматы: КазККА.2004.
4. Практикум по неорганической химии, Бабич Л.В. и др. М.1991.
5. Н.Л. Глинка. Сборник упражнений и задач по общей химии. М. 2003
6. Задачи и упражнения по общей химии под ред. Н.В. Коровина М., 2003.
7. Ахметов Н.С. Общая и неорганическая химия // учеб. 2-ое изд., перераб.и доп. М.: Высшая школа, 1988.
8. Задачи и упражнения по общей химии под ред. Н.В. Коровина М., 2003.
9. Ахметов Н.С. Общая и неорганическая химия // учеб. 2-ое изд., перераб.и доп. М.: Высшая школа, 1988.
10. Бірімжанов Б.А., Нұрахметов Н.Н. Жалпы химия. Алматы. Ана тілі, 1992.

Практикалық сабақ № 2

Тақырыбы: Ерігіштік көбейтіндісі.

Мақсаты: Ерігіштік көбейтіндісі туралы ұғымды қалыптастыру.

Сабақтың жоспары

1. Бақылау сұрақтары бойынша әңгімелесу.
2. Есеп шығару.
3. Мәнжазбаларды қорғау.
4. СӨЖ орындауын тексеру.
5. АБ(тест).

Бақылау сұрақтары

1. Ерігіштік көбейтіндісі дегеніміз не?
2. Гетерогенді тепе-теңдік.
3. Тұнбалардың еру жағдайы.

Есептер мен жаттығулар

1. Қаныққан ерітіндінің 500 мл $0,94 \cdot 10^{-3}$ г AgCl бар. Осы тұздың ерігіштік көбейтіндісін есептеңіз.
2. Концентрациясы $2 \cdot 10^{-3}$ моль/л күміс нитраты ерітіндісінің 20 мл және концентрациясы $1 \cdot 10^{-4}$ моль/л калий хроматы ерітіндісінің 30 мл араластырылған. Тұнба түседі ме?
3. Кальций карбонатының 18°C ерігіштігі $163 \cdot 10^{-4}$. Ерігіштік көбейтіндісін есептеңіз.
4. Барий хроматының ерігіштік көбейтіндісі $2,3 \cdot 10^{-10}$. 1 л қаныққан ерітіндіде осы заттың қанша г бар?
5. Неге Na_2SO_3 және Na_2S ерітінділерінің ортасы сілтілік, ал ZnSO_4 және NH_4NO_3 ерітінділерінің ортасы қышқылды болады. Жауабыңызды иондық және молекулалық теңдеулермен көрсетіңіз.
6. Гидролиздің қандай жағдайларында қышқылдық және негіздік тұздар түзіледі? Сәйкесі реакциялардың ионды-молекулалық теңдеуін келтіріңіз.
7. MgSO_4 , K_2SO_3 ерітінділерінің рН мәні қандай? Реакциялардың теңдеуін көрсетіңіз.
8. Индикатор арқылы BeCl_2 және BaCl_2 ерітінділерін ажыратуға бола ма? Жауабыңызды түсіндіріңіз.
9. Берілген тұздардың қайсысы толық гидролизденеді $\text{Cr}_2(\text{SO}_4)_3$, Fe_2S_3 , AlCl_3 ? Жауабыңызды реакция теңдеулерімен дәлелдеңіз.

Глоссарий

- **Фаза** - жүйенің басқа бөліктерінен жанасу беті арқылы бөлінген құрамы мен қасиеттері бірдей жүйенің бөлігі.
- **Жүйе** - қоршаған ортадан ажыратылған затпен немесе зат қоспасымен толтырылған кеңістік бөлігі.
- **Электролиттік диссоциация** – суда еру немесе балқу процестерінде оң және теріс ион түзілуімен жүретін электролит молекулаларының ыдырауы.
- **Диссоциация дәрежесі (α)** – иондарға ыдыраған молекулалар санының ерітіндідегі молекулалардың жалпы санына қатынасы.

- **Вант-Гоффың изотонды коэффициенті** – бұл электролитті диссоциация нәтижесінде ерітіндідегі бөлшек санының ұлғаюы. $P_{осм} = i CRT$.
- **Оствальдтың сұйылту заңы** – ерітінді сұйық болған сайын әлсіз электролиттің диссоциациялану дәрежесі жоғары болады. $K = \alpha^2 \cdot C$.
- **Сутекті көрсеткіш рН** – сутек иондарының концентрациясының теріс ондық көрсеткіші.
- **Буфер ерітінділер** – қышқыл немесе негіздің аз мөлшерін қосқанда рН мәні өзгермейтін ерітінділер. $(CH_3COOH + CH_3COONa)$, $(NH_4OH + NH_4Cl)$, $(NaH_2PO_4 + Na_2HPO_4)$.
- **Ерігіштік көбейтіндісі** – қаныққан ерітіндіде аз еритін зат иондар концентрацияларының көбейтіндісі тұрақты шама (ЕК).
- **Сутектік көрсеткіш рН** – теріс таңбамен алынған сутек ионы концентрациясының ондық логарифмі.
- **Буферлік ерітінділер** – қышқылдың немесе негіздің аз мөлшерін қосқанда ерітіндінің рН мәні өзгермейтін немесе аз өзгертін ерітінділер. Буферлік ерітінділер ретінде әлсіз қышқыл және оның тұздарының қоспасы алынады $(CH_3COOH + CH_3COONa)$ немесе әлсіз негіз және оның тұздарының қоспасы $(NH_4OH + NH_4Cl)$, немесе әртүрлі орынбасу дәрежедегі көпнегізді қышқыл тұздары $(NaH_2PO_4 + Na_2HPO_4)$.
- **Тұздар гидролизі** – тұздардың су әсерінен ыдырауы, нәтижесінде бейтарап әлсіз электролиттер түзіледі.
- **Гидролиз дәрежесі** – тұздардың гидролизденген молекула санының жалпы еріген молекула санына қатынасы.

Блиц - тест

1. Протолиз реакциясында бірінші реагенттің функциясын көрсетіңіз.

- 1) $HF + HNO_3 \leftrightarrow H_2NO_3^+ + F^-$
- 2) $CH_3COOH + HCl \leftrightarrow CH_3COOH_2^+ + Cl^-$
- 3) $C_2H_5OH + NH_4^+ \leftrightarrow C_2H_5OH_2^+ + NH_3$
- 4) $HClO_4 + H_2SO_4 \leftrightarrow H_3SO_4^+ + ClO_4^-$
- 5) $NH_3 + C_2H_5OH \leftrightarrow NH_4^+ + C_2H_5O^-$

Жауаптар:

- A) Қышқыл. C) Непротолит. B) Негіз. D) Амфолит.

2. Протолиттің қабысқан бөлшегінің формуласын жазып, зарядын анықтаңыз.

- 1) CH_3COO^-
- 2) $NH_3 \cdot H_2O$
- 3) N_3^-
- 4) HSO_4^-
- 5) $HClO$
- 6) $Fe^{3+} \cdot H_2O$
- 7) PO_4^{3-}
- 8) H_3AsO_4

Жауаптар:

- A) 2- B) 1- C) 0 D) 2+

3. Берілген екі электролиттерден (а немесе б) сулы ерітіндіде күштірек болады? (жақшада қышқылдық константасы берілген).

- 1) $\text{NH}_3 \cdot \text{H}_2\text{O} + \text{H}_2\text{O} \leftrightarrow$ (5. 10^{-10}) (а)
 $\text{CH}_3\text{COO}^- + \text{H}_2\text{O} \leftrightarrow$ (2. 10^{-5}) (б)
- 2) $\text{CO}_3^{2-} + \text{H}_2\text{O} \leftrightarrow$ ($6 \cdot 10^{-11}$) (а)
 $\text{NH}_3 \cdot \text{H}_2\text{O} + \text{H}_2\text{O} \leftrightarrow$ ($5 \cdot 10^{-10}$) (б)
- 3) $\text{NH}_4^+ + \text{H}_2\text{O} \leftrightarrow$ ($5 \cdot 10^{-10}$) (а)
 $\text{Be}^{2+} \cdot \text{H}_2\text{O} + \text{H}_2\text{O} \leftrightarrow$ ($3 \cdot 10^{-7}$) (б)

Жауаптар

- А) а. В) б. С) күштері бірдей. Д) білмеймін.

4. Толық диссоциациялану жағдайында концентрациясы 0,01 моль/л КОН ерітіндісінде сутек ионының концентрациясы:

- А) 10^{-12} моль/л
 В) 0,01 моль /л
 С) 10^{-2} моль/л
 Д) 10^{-3} моль/л
 Е) ерітінді сілтілік болғасын, сутек иондары болуы мүмкін емес.

5. Электрлиттің диссоциациялану дәрежесі 95 %. Енгізілген 120 молекулалардың қаншасы диссоциацияланады:

- А) 4
 В) 44
 С) 114
 Д) 120
 Е) 60

6. Көпнегізді қышқыл мен негіздер бірнегізділерге қарағанда қалай диссоциацияланады?

- А) бір сәтте;
 В) өте баяу;
 С) сатылы;
 Д) диссоциацияланбайды;
 Е) дұрыс жауабы жоқ.

7. Барий карбонатының тұз қышқылымен әрекеттесуінің қысқартылған иондық теңдеуі:

- А) $\text{Ba}^{2+} + 2\text{Cl}^- = \text{BaCl}_2$
 В) $\text{Ba}^{2+} + \text{CO}_3^{2-} + 2\text{H}^+ + 2\text{Cl}^- = \text{Ba}^{2+} + \text{CO}_3^{2-} + 2\text{HCl}$
 С) $\text{BaCO}_3 + 2\text{H}^+ = \text{Ba}^{2+} + \text{CO}_2 + \text{H}_2\text{O}$
 Д) $2\text{H}^+ + \text{CO}_3^{2-} = \text{H}_2\text{CO}_3$
 Е) дұрыс жауабы жоқ.

Әдебиеттер

1. Ж.Ә. Шоқыбаев, З.О. Өнербаева т.б. Бейорганикалық химия практикумы. “Мер-Сал” баспа үйі. Алматы 2003.
2. М.Ә. Қарсыбеков, Н.М. Қарсыбекова. Аноорганикалық химия. Алматы «Ғылым» 2005.
3. Ж. Бегалиева. Практикум по химии. Алматы КазККА. 2004.
4. Л.В. Бабич и др. Практикум по неорганической химии. М. 1991.
5. Н.Л. Глинка. Сборник упражнений и задач по общей химии. М. 2003.
6. Задачи и упражнения по общей химии под ред. Н.В. Коровина М., 2003.
7. Ахметов Н.С. Общая и неорганическая химия // учеб. 2-ое изд., перераб. и доп. М.: Высшая школа, 1988.
8. Задачи и упражнения по общей химии под ред. Н.В. Коровина М., 2003.
9. Ахметов Н.С. Общая и неорганическая химия // учеб. 2-ое изд., перераб. и доп. М.: Высшая школа, 1988.
10. Бірімжанов Б.А., Нұрахметов Н.Н. Жалпы химия. Алматы. Ана тілі, 1992.

Практикалық сабақ № 3

Тақырыбы: Тотығу-тотықсыздану реакциялары.

Мақсаты: Тотығу дәрежесі, электрондық баланс, электрон-иондық баланс және ТТР жіктелу принциптері туралы ұғымды қалыптастыру.

Сабақтың жоспары

1. Бақылау сұрақтары бойынша әңгімелесу
2. Есеп шығару
3. Мәнжазбаларды қорғау.
4. СӨЖ орындауын тексеру.
5. АБ(тест)

Бақылау сұрақтары

1. Тотығу дәрежесі дегеніміз не? Оның ТТР маңызы.
2. ТТР анықтама беріңіз. Олардың ерекшелігі неде?
3. ТТР қандай түрлерін білесіз?
4. Қандай заттар тотығу-тотықсыздану екідайлылығын көрсетеді? Мысал келтіріңіз.
6. Реакция кезінде тотықтырғыш пен тотықсыздандырғыштың тотығу дәрежесі қалай өзгереді?
7. ТТР теңдеулерін құру үшін қандай әдістер қолданады?
8. Ионды-электрондық әдіс қандай ережеге негізделген?
9. ТТР жүруіне реакцияның ортасы қалай өзгереді?
10. ТТР бағытын алдын ала анықтауға болады?
11. Д.И. Менделеевтің периодты жүйесіндегі элементтердің жай заттары ең күшті тотықтырғыш және тотықсыздандырғыш қасиет көрсетеді?
12. Кең қолданатын тотықтырғыш және тотықсыздандырғыштарды атаңыз.

13. Тотықтырғыш пен тотықсыздандырғыштың эквиваленттері қалай анықталады?

Рефераттар тақырыбы

1. ТТР қолдануы
2. ТТР жіктелуі
3. Тотықтырғыштар.
4. Тотықсыздандырғыштар.

Есептер мен жаттығулар БӨЖ

1. Электрондық баланс құрып, реакция теңдеуінде коэффициенттерді қойыңыздар:

- a) $\text{HNO}_3 + \text{C} \rightarrow \text{CO}_2 + \text{NO} + \text{H}_2\text{O}$;
- б) $\text{HNO}_3 + \text{AsH}_3 \rightarrow \text{H}_3\text{AsO}_4 + \text{NO}_2 + \text{H}_2\text{O}$;
- в) $\text{HNO}_3 + \text{P} + \text{H}_2\text{O} \rightarrow \text{H}_3\text{PO}_4 + \text{NO}$;
- г) $\text{HNO}_3 + \text{CuS} \rightarrow \text{Cu}(\text{NO}_3)_2 + \text{H}_2\text{SO}_4 + \text{NO} + \text{H}_2\text{O}$;
- д) $\text{MnO}_2 + \text{K}_2\text{CO}_3 + \text{KNO}_3 \rightarrow \text{K}_2\text{MnO}_4 + \text{KNO}_2 + \text{CO}_2$;
- е) $\text{K}_2\text{CrO}_4 + (\text{NH}_4)_2\text{S} + \text{H}_2\text{O} \rightarrow \text{Cr}(\text{OH})_3 + \text{KOH} + \text{NH}_4\text{OH} + \text{S}$.

2. Реакция теңдеулерін жазыңыз:

- a) $\text{KI} + \text{KNO}_2 + \text{H}_2\text{SO}_4 =$
- б) $\text{KNO}_2 + \text{KMnO}_4 + \text{H}_2\text{SO}_4 =$

3. Ионды-электронды әдісті қолданып, келесі сызбанұсқаны қолданып, реакцияның иондық және молекулалық теңдеулерін құрыңыз:

- a) $\text{ClO}_3^- + \text{NO}_2^- \rightarrow \text{Cl}^- + \text{NO}_3^-$
- б) $\text{MnO}_4^{2-} + \text{H}_2\text{O} \rightarrow \text{MnO}_4^- + \text{MnO}_2 + \text{OH}^-$

4. KClO_4 эквивалентін анықтаңыз, егер бұл зат реакция процесінде а) KCl б) Cl_2 дейін тотықсызданатын болса.

5. Күкіртсутектің 2 л децимольді ерітіндісін күкірт қышқылының қатысында тотықтыру үшін 1 л 14,7 г $\text{K}_2\text{Cr}_2\text{O}_7$ бар ерітіндінің қандай көлемі қажет? Жауабы: 1,33 л.

6. Қандай ортада KMnO_4 тотықтырғышы аз жұмсалады? Неге?

7. ТТР теңдеуін аяқтаңыз, қай атом немесе ион тотықтырғыш, қайсысы тотықсыздандырғыш қасиетін көрсетеді:

- a) $\text{KNO}_3 \rightarrow \text{KNO}_2 + \dots\dots$
- б) $\text{AgNO}_3 \rightarrow \text{AgNO}_2 + \text{NO}_2 + \dots\dots$
- в) $\text{NH}_4\text{NO}_3 \rightarrow \text{N}_2\text{O} + \dots\dots$

Глоссарий

- **Тотығу-тотықсыздану реакциясы** - элементтердің тотығу дәрежесі өзгере жүретін реакциялар.

- **Тотығу дәрежесі (т.д.)** – химиялық қосылыстағы атомның формальді электр заряды.
- **Тотығу** – электрондарды беру процесі. $Al^0 - 3e \rightarrow Al^{3+}$.
- **Тотықсыздану** – электрондарды қосып алу процесі. $S^0 + 2e \rightarrow S^{-2}$.
- **Тотықтырғыш** – электрондарды қосып алып, өздері тотықсызданатын заттар. Күшті тотықтырғыштар: F_2 , O_2, O_3 , H_2O_2 , Cl_2 (әсіресе сулы ерітінділерде), HNO_3 , $KMnO_4$ (әсіресе қышқылды ортада), $K_2Cr_2O_7$, CrO_3 , PbO_2 , $HClO_4$.
- **Тотықсыздандырғыш** – электрондарды беріп, өзі тотығатын зат. Күшті тотықсыздандырғыш: барлық металдар және кейбір бейметалдар. (H_2 , C), H_2S , HCl .
- **Молекулааралық ТТР** – тотықтырғыш пен тотықсыздандырғыш әртүрлі заттар болады.
- **Молекулаішілік ТТР** – тотықтырғыш пен тотықсыздандырғыш бір зат болады.
- **Стандартты электродты потенциал φ^0** – 25 °С температурада иондар концентрациясы 1 моль/л тұз ерітіндісіне металды батырғанда металл және ерітінді арасындағы потенциалдар айырымы.
- **Нернст теңдеуі:**

$$\varphi = \varphi^0 + \frac{2,3 RT}{nF} \lg \frac{C_{\text{тотығу}}^x}{C_{\text{тотықсыздану}}^y}$$

мұндағы:

φ^0 – процестің стандартты электродтық потенциалы;

R - мольдік газ тұрақтысы;

T – абсолютті температура.

- **Дисмутация (диспропорциялау)** – бір элемент атомы бір тотығу дәрежесінде тотықтырғыш және тотықсыздандырғыш ретінде болатын ТТР.
- **Конмутация (синпропорциялау)** – бір элемент атомы әртүрлі тотығу дәрежесінде тотықтырғыш және тотықсыздандырғыш ретінде болатын ТТР.

Блиц – тест

1. Қайсысы ТТР жатады:

- A) $NaJ + AgNO_3 \rightarrow NaNO_3 + AgJ$;
- B) $J_2 + HNO_3 \rightarrow NO + H_2O + HJO_3$;
- C) $Na_2CO_3 + HNO_3 \rightarrow NaNO_3 + CO_2 + H_2O$;
- D) $Na_2S + AgNO_3 \rightarrow NaNO_3 + Ag_2S$;
- E) $KOH + HCl \rightarrow KCl + H_2O$.

2. Тотығу процесі:

- A) $Cu^{2+} \rightarrow Cu^0$;
- B) $Fe^{2+} \rightarrow Fe^{3+}$;
- C) $S^{2+} \rightarrow S^0$;
- D) $C^{4+} \rightarrow C^{2+}$;
- E) $B^{3+} \rightarrow B^0$.

3. $\text{Ca}(\text{HSO}_4)_2$ қосылысында күкірттің тотығу дәрежесі:

- A) 0
- B) +2
- C) +4
- D) +6
- E) -2

4. Тотықсыздану процесі:

- A) $\text{Fe}^{+2} \rightarrow \text{Fe}^{+3}$;
- B) $\text{S}^{-2} \rightarrow \text{S}^0$;
- C) $\text{Cl}^{+5} \rightarrow \text{Cl}^{+7}$;
- D) $\text{S}^{+4} \rightarrow \text{S}^{+6}$;
- E) $\text{H}^{+1} \rightarrow \text{H}^0$.

5. Сулы ерітіндідегі жартылай реакция теңдеуін құрыңыз. Теңдеудің оң жағындағы коэффициенттерінің қосындысын есептеңіз.

- 1) $\text{MnO}_4^- \rightarrow \text{Mn}^{2+}$;
- 2) $\text{Cr}_2\text{O}_7^{2-} \rightarrow \text{Cr}^{3+}$;
- 3) $\text{SO}_4^{2-} \rightarrow \text{SO}_2$;
- 4) $\text{NO}_3^- \rightarrow \text{NO}_2$.

- A) 1 B) 2 C) 3 D) 5 E) 9

6. Тотығу-тотықсыздану реакциясының түрі:

- 1) $\text{Cu}(\text{NO}_3)_2 (\text{к}) \rightarrow \text{CuO} (\text{к}) + \text{NO}_2 (\text{г}) + \text{O}_2 (\text{г})$;
- 2) $\text{Br}_2 (\text{ер}) + \text{KOH} (\text{ер}) \rightarrow \text{KBr} (\text{ер}) + \text{KBrO} (\text{ер}) + \text{H}_2\text{O}$;
- 3) $(\text{NH}_4)_2\text{Cr}_2\text{O}_7 (\text{к}) \rightarrow \text{Cr}_2\text{O}_3 (\text{к}) + \text{N}_2 (\text{г}) + \text{H}_2\text{O}$;
- 4) $\text{Cl}_2 (\text{ер}) + \text{I}_2 (\text{к}) + \text{H}_2\text{O} \rightarrow \text{HIO}_3 (\text{ер}) + \text{HCl} (\text{ер})$.

- A) Молекулааралық ТТР.
- B) Молекулаішілік ТТР.
- C) Дисмутация (диспропорционалау).
- D) Конмутация.
- E) Дұрыс жауабы жоқ.

7. Реакцияның иондық теңдеуін құрыңыз. Теңдеудегі стехиометриялық коэффициенттердің қосындысын есептеңіз.

- 1) $\text{Zn} + \text{KOH} (\text{арт}) + \text{H}_2\text{O} =$
- 2) $\text{KMnO}_4 + \text{H}_2\text{SO}_4 + \text{K}_2\text{SO}_3 =$
- 3) $\text{Cu} + \text{H}_2\text{SO}_4 (\text{конц}) =$
- 4) $\text{K}_2\text{Cr}_2\text{O}_7 + \text{H}_2\text{SO}_4 + \text{FeSO}_4 =$

- A) 7 B) 8 C) 10 D) 15 E) 23 Ж) 36

8. Тотықтырғыштың эквивалентті массасын (г/моль) есептеңіз.

- 1) $Zn + KOH_{(арт)} + H_2O =$
- 2) $KMnO_4 + H_2SO_4 + K_2SO_3 =$
- 3) $Cu + H_2SO_{4(конц)} =$
- 4) $K_2Cr_2O_7 + H_2SO_4 + FeSO_4 =$





A) 17 B) 18 C) 31,6 D) 49 E) 63

9. Тотықсыздандырғыштың эквивалентті массасын (г/моль) есептеңіз.

- 1) $Zn + KOH_{(арт)} + H_2O =$
- 2) $KMnO_4 + H_2SO_4 + K_2SO_3 =$
- 3) $Cu + H_2SO_{4(конц)} =$
- 4) $K_2Cr_2O_7 + H_2SO_4 + FeSO_4 =$

A) 9 B) 17 C) 32 D) 32,5 E) 79 Ж)152 З)166

10. Стандартты жағдайда реакцияның бағытын анықтаңыз.




- A) тура реакция жүреді;
- B) кері реакция жүреді;
- C) реакция екі бағытта жүреді;
- D) дұрыс жауап жоқ.

Есеп шығару мысалы

Мысал 1


Реакция өнімдерінде күкірттің тотығу дәрежесін анықтаңыз.



Жауабы:

А) –II Б) 0 В) +II Г) +I

Шешімі



Жауабы: Г

Мысал 2


Реакция теңдеуінде стехиометриялық коэффициенттерінің қосындысын табыңыз.



Жауабы:

А) 6 Б) 7 В) 8 Г) 11


Шешімі



Жауабы: А


Мысал 3

Электрондық баланс әдісін қолданып реакция теңдеуінде коэффициенттер қойыңыз. Тотықтырғыштың және тотықсыздандырғыштың мольдік массасын анықтаңыз.




Шешімі


Реакция кезінде тотығу дәрежесін екі элемент өзгертеді: азот және күкірт:



Азоттың тотығу дәрежесі төмендейді (тотықтырғыштың тотықсыздануы) +5 тен +2 дейін (3e қабылданды). Күкірттің тотығу дәрежесі жоғарылайды (тотықсыздандырғыштың тотығуы) -2 ден 0 дейін (2e берілді):



Табылған көбейткіштер реакция теңдеуіне енгізіледі:



Тотықтырғыштың эквиваленттік факторы $f_3(\text{HNO}_3)=1/3$, тотықсыздандырғыштікі $f_3(\text{H}_2\text{S})=1/2$; $M(\text{HNO}_3) = 63$ г/моль; $M(\text{H}_2\text{S}) = 34$ г/моль. Сәйкесінше, () 3 $M \text{HNO}$ $M_3(\text{HNO}_3) = 1/3 \cdot 63$ г/моль = 21 г/моль; $M_3(\text{H}_2\text{S}) = 1/2 \cdot 34$ г/моль = 17 г/моль.

Әдебиеттер

1. Ж.Ә. Шоқыбаев, З.О. Өнербаева т.б. Бейорганикалық химия практикумы «Мер-Сал» баспа үйі. Алматы 2003.
2. М.Ә. Қарсыбеков, Н.М. Қарсыбекова. Аноорганикалық химия. Алматы «Ғылым» 2005.
3. Ж. Бегалиева. Практикум по химии. Алматы КазККА. 2004.
4. Л.В. Бабич и др. Практикум по неорганической химии. М. 1991.
5. Н.Л. Глинка. Сборник упражнений и задач по общей химии. М. 2003.
6. Задачи и упражнения по общей химии под ред. Н.В. Коровина М., 2003.
7. Ахметов Н.С. Общая и неорганическая химия // учеб. 2-ое изд., перераб. и доп. М.: Высшая школа, 1988.
8. Задачи и упражнения по общей химии под ред. Н.В. Коровина М., 2003.
9. Ахметов Н.С. Общая и неорганическая химия // учеб. 2-ое изд., перераб. и доп. М.: Высшая школа, 1988.
10. Бірімжанов Б.А., Нұрахметов Н.Н. Жалпы химия. Алматы. Ана тілі, 1992.

Практикалық сабақ № 4, 5

Тақырыбы: Электрохимиялық процестер.

Мақсаты: Электродтық потенциал, электролиз, гальваникалық элемент, металдар коррозиясы туралы ұғымды қалыптастыру.

Сабақтың жоспары

1. Бақылау сұрақтары бойынша әңгімелесу.
2. Есеп шығару.
3. Мәнжазбаларды қорғау.
4. СӨЖ орындауын тексеру.
5. АБ(тест).

Бақылау сұрақтары

1. Тотығу дәрежесі дегеніміз не? Оның ТТП маңызы.
2. ТТР анықтама беріңіз. Олардың ерекшелігі неде?
3. ТТП қандай түрлерін білесіз?
4. Қандай заттар тотығу-тотықсыздану екідайлылығын көрсетеді? Мысал келтіріңіз.
5. Реакция кезінде тотықтырғыш пен тотықсыздандырғыштың тотығу дәрежесі қалай өзгереді?
6. ТТР теңдеулерін құру үшін қандай әдістер қолданады?
7. Ионды-электрондық әдіс қандай ережеге негізделген?
8. ТТР жүруіне реакцияның ортасы қалай өзгереді?
9. ТТР бағытын алдын ала анықтауға болады?
10. Д.И. Менделеевтің периодты жүйесіндегі элементтердің жай заттары ең күшті тотықтырғыш және тотықсыздандырғыш қасиет көрсетеді?

11. Кең қолданатын тотықтырғыш және тотықсыздандырғыштарды атаңыз.
12. Тотықтырғыш пен тотықсыздандырғыштың эквиваленттері қалай анықталады?

Рефераттар тақырыбы

1. ТТР қолдануы
2. ТТР жіктелуі
3. Тотықтырғыштар.
4. Тотықсыздандырғыштар.

Есептер мен жаттығулар БӨЖ

1. Берілген заттардың сулы ерітінділерінің электролизін инертті электродтарда жүргізгенде қандай өнім болады: а) AgNO_3 б) KBr в) Na_2SO_4 ?
2. Тазартылмаған мыста никель және күміс қоспалары бар. Мыстың электрлік рафинирлеуін жүргізгенде осы қоспалармен не болады?
3. Мырыш сульфатының сулы ерітіндісінің электролизін көрсетіңіз, егер: а) анод -цинк; б) анод көмір.
4. Темір мыспен жанасқанда түзілетін коррозиялық гальваникалық элементтің схемасын құрыңыз, егер бұл жанасу әртүрлі ортада жүретін болса: а) қышқылды орта; б) сулы ортада. Элементтің анодында және катодында жүретін процестерді көрсетіңіз.
5. $\text{Fe} - \text{Ni}$ жұбынан қай металл сірке қышқылының сұйытылған ерітіндісінде ериді? Қай металда оттегі бөлінеді?
7. Темірмен немесе мырышпен жанасқанда магнийді коррозиясы күштірек болады? Коррозия процесінің сызбанұсқасын көрсетіңіз.
8. Стандартты электродты потенциалдарын қолданып, никельден жасалған бұйымдарды коррозиядан қорғау үшін протектор ретінде қандай металдарды қолдануға болады?
10. 40 минут ішінде күші 2А электролиз жүргізгенде катодта белгісіз металдың 4,542 г бөлінді. Осы металл эквивалентінің мольдік массасын анықтаңыз.

Глоссарий

- **Электролиз** – электролиттің ерітіндісі немесе балқымасы арқылы тұрақты электр тоғын өткізгенде электродта жүретін тотығу-тотықсыздану процесі.
- **Электрохимиялық процестер** – энергияның химиялық және электрлік формаларының өзара айналу процестері.
- **I текті электродтар** – өз тұзының ерітіндісіне батырылған металдан тұратын, катионмен қайтарылытын электродтар. Мысалы, Cu/Cu^{2+} , Zn/Zn^{2+} .
- **II текті электродтар** – электрод металының беті осы металдың аз еритін тұзымен жабылған және бұл металл сәйкес аниондары бар жақсы еритін электролитінің ерітіндісіне батырылған. Мысалы, $\text{Ag} / \text{AgCl}, \text{KCl}; \text{Hg}/\text{Hg}_2\text{Cl}_2, \text{KCl}$.

- **Стандартты электродты потенциал** – қалыпты жағдайда 1 тең болатын электродтың потенциалы.
- **Гальваникалық элемент** – химиялық реакцияның энергиясы электр энергиясына айналатын жүйе.
- **Коррозия** – металдардың және олардың балқымаларының қоршаған орта әсерінен өздігінен бұзылу процесі.
- **Эрозия** – металдардың және олардың балқымаларының физикалық фактор әсерінен өздігінен бұзылу процесі

Блиц-тест

1. Калий сульфатының сулы ерітіндісінің электролизі кезінде катодта қандай процесс жүреді?

- A. $K^+ + e \rightarrow K^0$
- B. $2H_2O - 4e \rightarrow O_2 + 4H^+$
- C. $2H_2O + 2e \rightarrow H_2 + 2OH^-$
- D. $4H^+ - 4e \rightarrow O_2 + 2H_2O$

2. Концентрациялары бірдей болған кезде қай металдың катионы бірінші болып тотықсызданады?

- A. Fe^{2+}
- B. Cu^{2+}
- C. Ag^+

3. Калий хлоридінің сулы ерітіндісінің толық электролизі кезінде 2,8 л газ бөлінеді. Катодта қандай газ және қандай көлемде (қ.ж.)?

- A. 2,8 л O_2
- B. 5,6 л H_2
- C. 2,8 л H_2
- D. 5,6 л O_2

4. Заттардың қайсысы оның ерітіндісінің және балқымасының электролизі кезінде бірдей өнім береді?

- A. $CuCl_2$
- B. KBr
- C. $NaOH$
- D. мұндай заттар болмайды

5. Өндірісте электролиз жүргізу үшін қолданатын арнайы ыдыстар.

- A. Конвертор
- B. Электролизер
- C. Электрод
- D. Электрофорез

6. Анодта органикалық қышқыл тұздарының сулы ерітіндісінің электролизі кезінде қандай процестер жүреді:

- A. $2\text{RCOO}^- - 2e \rightarrow \text{R} - \text{R} + \text{CO}_2$
 B. $4\text{OH}^- - 4e \rightarrow 2\text{H}_2\text{O} + \text{O}_2^\ominus$
 C. $2\text{RCOO}^- - 2e \rightarrow \text{R} - \text{CO} - \text{R} + \text{O}_2^\ominus$
 D. $2\text{RCOO}^- - 2e \rightarrow 2\text{R} - \text{O} - \text{R} + 2\text{CO}^\ominus$

7. Кальций хлориді ерітіндісінің электролизі кезінде катодта 5,6 г сутек бөлінді. Анодта қандай газ бөлінді және оның массасы қандай?

- A. 198,8 г Cl_2
 B. 89,6 г O_2
 C. 243,6 г Cl_2O
 D. 102,2 г HCl

Әдебиеттер

1. Ж.Ә. Шоқыбаев, З.О. Өнербаева т.б. Бейорганикалық химия практикумы “Мер-Сал” баспа үйі. Алматы 2003.
2. М.Ә. Қарсыбеков, Н.М. Қарсыбекова. Аноорганикалық химия. Алматы «Ғылым» 2005.
3. Ж. Бегалиева. Практикум по химии. Алматы. КазККА. 2004.
4. Л.В. Бабич и др. Практикум по неорганической химии. М., 1991.
5. Н.Л. Глинка. Сборник упражнений и задач по общей химии. М., 2003.
6. Задачи и упражнения по общей химии под ред. Н.В. Коровина. М., 2003.
7. Ахметов Н.С. Общая и неорганическая химия // учеб. 2-ое изд., перераб.и доп. М.: Высшая школа, 1988.
8. Задачи и упражнения по общей химии под ред. Н.В. Коровина. М., 2003.
9. Ахметов Н.С. Общая и неорганическая химия // учеб. 2-ое изд., перераб.и доп. М.: Высшая школа, 1988.
10. Бірімжанов Б.А., Нұрахметов Н.Н. Жалпы химия. Алматы. Ана тілі, 1992.

Практикалық сабақ № 6

Тақырыбы: Комплексті қосылыстар.

Мақсаты: Комплексті қосылыстардың аталуы, жіктелуі және изомериясы туралы ұғымды дамыту. Комплексті қосылыстардың иондарын анықтай білуге үйрету.

Сабақтың жоспары

1. Бақылау сұрақтары бойынша әңгімелесу.
2. Есеп шығару.
3. Мәнжазбаларды қорғау.
4. СӨЖ орындауын тексеру.
5. АБ(тест).

Бақылау сұрақтары

1. Координациялық теорияның негізгі қағидалары қандай?

2. Комплекс түзушінің координациялық саны деген не?
3. Комплексті қосылыстың ішкі сферасын түзетін нелер?
4. Комплекс түзушінің сыртқы сферасын түзетін қандай иондар?
5. Комплексті қосылыстарды қалай атайды?
6. Комплексті қосылыстарда изомерияның қандай түрі кездеседі?

Рефераттар тақырыбы

1. Комплексті қосылыстардың жіктелуі мен изомериясы.
2. Комплексті қосылыстардың иондарын анықтау.
3. Комплекс қосылыстарындағы химиялық байланыстың табиғаты туралы қазіргі көзқарастар.
4. Координациялық теорияның негіздері.

Есептер мен жаттығулар БӨЖ

1. Берілген қосылыстарда комплексті ионның зарядын, тотығу дәрежесін, комплекс түзушінің координациялық санын көрсетіңіз. $[\text{Cu}(\text{NH}_3)_4]\text{SO}_4$, $\text{K}_2[\text{PtCl}_6]$, $\text{K}[\text{Ag}(\text{CN})_2]$. Ерітіндіде осы заттардың диссоциациясын жазыңыз.
2. $[\text{Fe}(\text{CN})_6]^{4-}$ комплексті ионының тұрақсыздық константасын жазыңыз.
3. Берілген комплекстерде комплекстүзушінің қай орбитальдары химиялық байланыс түзуге қатысады $[\text{Fe}(\text{NH}_3)_4]^{2+}$ және $[\text{Fe}(\text{CN})_6]^{4-}$. Комплекстердің құрылымын көрсетіңіз.
4. Комплексті катион, анион және бейтарап комплексті бөлшектерге мысал келтіріңіз.
5. Комплексті қосылыстарды атаңыз:
 - а) $[\text{Cr}(\text{H}_2\text{O})_6]\text{Cl}_3$; б) $[\text{Co}(\text{NH}_3)_5\text{SO}_4]\text{Br}$; в) $\text{K}[\text{Ag}(\text{CN})_2]$.
6. Комплекстердің құрылымын және магниттік қасиеттерін көрсетіңіз:
 - а) $\text{K}_2[\text{CoCl}_4]$; б) $[\text{Co}(\text{H}_2\text{O})_6]\text{Cl}_2$.
7. Қандай тұздардан калийдің гексацианоферратын алуға болады? Реакция теңдеуін жазыңыз.
8. Негіздердің қайсысы күштірек: $\text{Cu}(\text{OH})_2$ немесе комплексті $[\text{Cu}(\text{NH}_3)_4](\text{OH})_2$? Неге?
9. Диамминкүміс (I) нитратының ерітіндісіне калий иодидін қосқанда тұнба түседі, ал калий хлоридін қосқанда түзілмейді. Неге?
10. Берілген комплекстерде комплекс түзушінің қай орбитальдары химиялық байланыс түзуге қатысады $[\text{Zn}(\text{NCS})_4]^{2-}$ және $[\text{Ag}(\text{CN})_2]^-$? Бұл комплекстер диамагнитті немесе парамагнитті?

Глоссарий

Комплексті қосылыстардың құрылысы мен қасиеттерін Швейцария ғалымы Альфред Вернер ұсынған (1893 ж) координациялық теория жақсы түсіндіреді. Бұл теорияның негізгі қағидалары мынадай:

1. Комплексті қосылыстардағы басты орын комплекс түзушінің үлесіне тиеді. Комплекс түзуші көбінесе оң зарядталған металл иондары болады.

2. Комплекс түзшінің маңайына теріс зарядталған аниондар немесе электронейтрал молекулалар – лигандалар орналасады.
3. Комплекс түзушінің маңайына орналасқан немесе координацияланған лигандалардың жалпы саны комплекс түзушінің координациялық саны деп аталады.
4. Комплекс түзуші мен лигандалар комплексті қосылыстың ішкі сферасын түзеді.

Блиц - тест

1. Тетраамин мырыш (II) ионының $[Zn(NH_3)_4]^{2+}$ геометриялық пішіні:
а) жазық квадрат; ә) октаэдр; б) түзу сызықты; в) тетраэдр; г) жазық үшбұрыш.
2. Диамин күміс (I) ионының $[Ag(NH_3)_2]^+$ геометриялық пішіні:
а) түзу сызықты; ә) жазық үшбұрыш; б) тетраэдр; в) жазық квадрат; г) октаэдр.
3. Комплекс түзуші sp^3 гибридтелген күйде болатын ион:
а) $[Zn(NH_3)_4]^{2+}$
ә) $[Zn(NH_3)_2]^{2+}$
б) $[Zn(NH_3)_6]^{2+}$
в) $[Ag(CN)_2]^-$
г) $[(Al(OH)_3)_6]^{3-}$
4. Лигандалары тек аммиак молекулаларынан тұратын комплексті қосылыстар қалай аталады:
а) аммиакаттар;
ә) аминаттар;
б) аминдер;
в) аммиакты қосылыстар.
5. Ішкі сфераның құрамында бір ғана комплекс түзуші болатын қосылыстар қалай аталады:
а) бір ядролы;
ә) ядросыз;
б) бір компонентті;
в) бір жүйелі.

Әдебиеттер

1. Ж.Ә. Шоқыбаев, З.О. Өнербаева т.б. Бейорганикалық химия практикумы “Мер-Сал” баспа үйі. Алматы 2003.
2. М.Ә. Қарсыбеков, Н.М. Қарсыбекова. Аноорганикалық химия. Алматы «Ғылым» 2005.
3. Ж. Бегалиева. Практикум по химии. Алматы. КазККА. 2004.
4. Л.В. Бабич и др. Практикум по неорганической химии. М.1991.
5. Н.Л. Глинка. Сборник упражнений и задач по общей химии. М.2003.

6. Задачи и упражнения по общей химии под ред. Н.В. Коровина. М., 2003.
7. Ахметов Н.С. Общая и неорганическая химия // учеб. 2-ое изд., перераб.и доп. М.: Высшая школа, 1988.
8. Задачи и упражнения по общей химии под ред. Н.В. Коровина. М., 2003.
9. Ахметов Н.С. Общая и неорганическая химия // учеб. 2-ое изд., перераб.и доп. М.: Высшая школа, 1988.
10. Бірімжанов Б.А., Нұрахметов Н.Н. Жалпы химия. Алматы. Ана тілі, 1992.

1 Химияның негізгі түсініктері мен заңдары

Химия пәні. Материя және қосылыстар туралы түсінік. Массаның және энергияның сақталу заңы. Зат мөлшері. Химияның негізгі стехометриялық заңдары: құрам тұрақтылық заңы, эквиваленттер заңы, еселік қатынас заңы, көлемдік қатынас заңы. Идеал газ заңдары: Бойль-Марриот, Гей-Люссак. Шарль заңдары, біріккен газ заңы, Авогадро заңы.

2 Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары

Бейорганикалық қосылыстардың жіктелуі. Оксидтер. Негіздер. Қышқылдар. Тұздар. Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары арасындағы генетикалық байланыс. Химиялық реакциялардың жіктелуі.

3 Атом құрылысы

Атомның күрделі құрылысы туралы көзқарастардың дамыту. Электрондардың кванттық сандары. Электрондық формулалар. Атом ядросының құрылысы. Радиоактивтілік. Ядролық реакциялар.

4 Д.И.Менделеевтің периодтық заңы және элементтердің периодтық жүйесі

Периодтық заңның ашылуы. Элементтердің периодтық жүйесінің құрылымы. Элементтердің периодтық қасиеттері. Периодтық заңның маңызы.

5 Химиялық байланыс

Химиялық байланыстың табиғаты. Ковалентті байланыс. Молекулалардың кеңістіктегі құрылысы. Валенттік байланыс әдісі. Молекулалық орбитальдар әдісі. Иондық байланыс. Металдық байланыс. Молекулааралық әрекеттесу. Су тектік байланыс. Заттардың агрегаттық күйі. Кристалдық тор түрлері.

РБ №2 бағдарламасы

1 Химиялық реакция жүруінің заңдылықтары. Химиялық процестердің энергетикасы

Ішкі энергия және энтальпия. Термодинамиканың бірінші заңы. Химиялық реакцияның энергетикалық эффектілері. Термохимиялық заңдар. Энтропия. Термодинамиканың екінші және үшінші заңдары. Гиббс энергиясы.

2 Химиялық кинетика

Химиялық реакцияның жылдамдығы. Әрекеттесуші массалар заңы. Вант-Гофф ережесі. Реакция жылдамдығының константасы және оның температураға тәуелділігі. Активтендіру энергиясы. Аррениус теңдеуі. Катализ және катализаторлар. Химиялық тепе-теңдік. Химиялық тепе-теңдік константасы.

3 Ерітінділердің жалпы қасиеттері

Ерітінділер қасиеттері. Диффузия және осмос. Ерігіштік. Қанаққан, қанықпаған және аса қаныққан ерітінділер. Идеал ерітінділер. Ерітінді бетіндегі будың қысымы және құрамы. Рауль заңы. Ерітіндінің кристалдануы және қайнауы. Криоскопия және эбуллиоскопия. Сольватация. Су – еріткіш. Су молекулаларының электронды құрылысы және молекулаларының структурасы. Судың иондық көбейтіндісі. Су тектік көрсеткіш. Еріген заттардың электролиттік диссоциациясы. Күшті және әлсіз электролиттер. Электролиттің диссоциациялану дәрежесі мен константасы. Сұйылту заңы. Тұздар гидролизі.

Гидролиздің константасы мен дәрежесі. Сатылы гидролиз. Қайтымды және қайтымсыз гидролиз. Ерігіштік көбейтіндісі. Қышқылдар және негіздер теориясы. Аррениус, Бренстед-Лоури, Льюис теориялары.

4 Тотығу-тотықсыздану реакциялары. Комплексті қосылыстар

Тотығу-тотықсыздану реакциялары, олардың жіктелуі. Тотығу-тотықсыздану реакцияларын теңестіру әдістері. Комплексті қосылыстар, құрылысы, жіктеруі, аталуы.

Емтихан бағдарламасы

1. Химиядағы атом-молекулалық ілім. Негізгі химиялық түсініктер: атом, молекула, жай зат, химиялық қосылыс.
2. Химиялық элемент. Изотоптар. Моль, мольдік масса, мольдік концентрация.
3. Химияның негізгі стехометриялық заңдары: құрам тұрақтылық заңы, эквиваленттер заңы, еселік қатынас заңы, көлемдік қатынас заңы.
4. Идеал газ заңдары: Бойль-Мариот, Гей-Люссак. Шарль заңдары, біріккен газ заңы, Авогадро заңы.
5. Бейорганикалық қосылыстардың жіктелуі. Оксидтер. Негіздер. Қышқылдар. Тұздар. Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары арасындағы генетикалық байланыс. Химиялық реакциялардың жіктелуі.
6. Атомның күрделі құрылысы туралы көзқарастарды дамыту. Электрондардың кванттық сандары. Электрондық формулалар. Атом ядросының құрылысы. Радиоактивтілік. Ядролық реакциялар.
7. Сутек атомы. Атомның квант-механикалық моделі. Квант сандары. Атомдық орбитальдар.
8. Атомдардың электрондық қабатының толтырылуы. Паули принципі, Хунд ережесі.
9. Электрондық қабаттардың периодтылығы. Электрондардың орбиталь энергиясы. Электронға жақындық және иондану энергиясы. Элементтердің электртерістілігі.
10. Периодтық заңнаң қазіргі тұжырымдамасы.
11. Периодтылықтың себебі.
12. Элементтердің периодтық жүйесінің құрылымы. Элементтердің периодтық қасиеттері. Периодтық заңның маңызы.
13. Химиялық байланыс, оның түрлері.
14. Химиялық байланыстың сипаттамалары: энергиясы, ұзындығы, полюстілігі, бағытталуы мен қанығуы.
15. Валенттік байланыс әдісі (ВБ). Молекулалық орбиталь әдісі (МО). Негізгі қағидалары.
16. Иондық байланыс.
17. Металдық байланыс.
18. Молекулааралық әрекеттесу. Сутектік байланыс.
19. Заттардың агрегаттық күйі. Кристалдық тор түрлері.
20. Ішкі энергия және энтальпия.

21. Термодинамиканың бірінші заңы.
22. Химиялық реакцияның энергетикалық эффектілері.
23. Термохимиялық заңдар.
24. Энтропия.
25. Термодинамиканың екінші және үшінші заңдары.
26. Гиббс энергиясы.
27. Химиялық реакцияның жылдамдығы.
28. Әрекеттесуші массалар заңы.
29. Вант-Гофф ережесі.
30. Реакция жылдамдығының константасы және оның температураға тәуелділігі.
31. Активтендіру энергиясы. Аррениус теңдеуі.
32. Катализ және катализаторлар.
33. Химиялық тепе-теңдік. Химиялық тепе-теңдік константасы.
34. Ерітінділер қасиеттері.
35. Диффузия және осмос.
36. Ерігіштік.
37. Қаныққан, қанықпаған және аса қаныққан ерітінділер.
38. Идеал ерітінділер.
38. Ерітінді бетіндегі будың қысымы және құрамы.
39. Рауль заңы.
40. Ерітіндінің кристалдануы және қайнауы.
41. Криоскопия және эбуллиоскопия.
42. Сольватация. Су – еріткіш.
43. Су молекулаларының электронды құрылысы және молекулаларының құрылымы.
44. Судың иондық көбейтіндісі.
45. Су тектік көрсеткіш.
46. Еріген заттардың электролиттік диссоциациясы.
47. Күшті және әлсіз электролиттер.
48. Электролиттің диссоциациялану дәрежесімен константасы. Сұйылту заңы.
49. Тұздар гидролизі. Гидролиздің константасы мен дәрежесі. Сатылы гидролиз. Қайтымды және қайтымсыз гидролиз.
50. Ерігіштік көбейтіндісі.
51. Қышқылдар және негіздер теориясы. Аррениус, Бренстед-Лоури, Льюис теориялары.

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
Биология және химия кафедрасы

Пірімова Э.Р.

Бейорганикалық химия (1 бөлім)
Әдістемелік нұсқаулар

Қостанай, 2014

ББК 24.1
П 29

Рецензенттер:

Ерғалиева Айжан Халиуллақызы, химия ғылымдарының кандидаты, ҚМУ-дың биология және химия кафедрасының доценті

Махмутова Жұлдызай Сағындыққызы, химия магистрі, ҚМУ-дың химия және биология кафедрасының аға оқытушысы

Авторы:

Пірімова Э.Р., биология және химия кафедрасының аға оқытушысы

Пірімова Э.Р. Бейорганикалық химия. Әдістемелік нұсқау инженерлік және технологиялық мамандықтар мен ауылшаруашылық мамандықтары бағытындағы мамандықтарға, сондай-ақ биология мамандығы 1 курс білім алушыларының өзіндік жұмыстарын орындауға арналған.-Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2014.- 18 б.

Әдістемелік нұсқауда химияның негізгі заңдары мен түсініктері қамтылған. Д.И.Менделеевтің периодтық кестесінде келтірілген элементтер, олардың қасиеттері мен атом құрылысы мен химиялық байланыстар жөнінде материалдарды пысықтау негізінде құрылған.

Негізгі бөлімде бейорганикалық қосылыстарға негізделген теориялық сұрақтар мен жаттығуларға негізделген тәжірибелік бөлім мен өзіндік жұмыстарға арналған тапсырмалар мен есептерді қамтиды.

Аграрлық-биологиялық факультетінің әдістемелік кеңесінде бекітілген,
__ . __ . 2014 ж. хаттама № __

Мазмұны

Кіріспе	4
Тақырып 1. Бейтараптану реакциялары энтальпиясын анықтау.....	5
Тақырып 2. Химиялық кинетика және химиялық тепе-теңдік.....	7
Тақырып 3. Тұз қышқылының ерітінділерін даярлау.....	8
Тақырып 4. Электролиттік диссоциация теориясы. Иондық реакциялар. Екідайлылық.....	9
Тақырып 5. Электролит ерітінділеріндегі гетерогенді тепе-теңдік.....	10
Қолданылған әдебиеттер тізімі.....	12
Қосымшалар	13

Кіріспе

Химия қоршаған ортаны зерттейтін жаратылыстану ғылымдарына жатады. Химияның зерттеу объектісі – заттар. Химия заттардың құрамын, қасиеттерін және өзгерістерін зерттейді. Сонымен қатар ол заттардың өзгерістерге ұшырауы барысында байқалатын физикалық құбылыстарды да зерттейді. Мысалы: реакция нәтижесінде жылудың бөлінуі мен сіңірілуін, ерітінділердің электрөткізгіштігінің өзгеруін, қайнау және қату температураларының төмендеуін және жоғарлауын, химиялық энергияның электр энергиясына айналуын және т.б.

Химия өнеркәсіпте зор роль атқарады. Химия және мұнай өңдеу өнеркәсіптері, қара және түрлі түсті металлургия экономиканың дамуына орасан ықпал жасайды. Химия өнеркәсіптері өндіретін маңызды материалдарға жатады: темірдің алуан түрлі құймалары, түрлі-түсті және қымбат бағалы металдар, құрылыс материалдары (цемент, шыны, асбест, гипс, бояғыш заттар, т.б.), каучук және резина, пластмассалар мен полимерлер, синтетикалық және жасанды талшықтар, қағаз, дәрі-дәрмектердің басым көпшілігі, жуғыш заттар (сабындар, шампуньдер, жуғыш ұнтақтар, т.б.), тыңайтқыштар, пестицидтер – ауылшаруашылық өндірісінде өсімдіктердің өнімділігін арттыратын және өсімдіктердің ауруларымен күресуге қолданылатын әртүрлі химиялық заттар. Қазіргі уақытта химияның жетістіктерін тамақ өндірісінде де кең пайдаланады (белсенді тағам қоспалары, өнімнің дәмін және сыртқы түрін жақсартатын тағам қоспалары, консерванттар, антиоксиданттар, т.б.).

Химия – экспериментпен тығыз байланысқан ғылым. Химияның маңызды мақсаттарының бірі - керекті қасиеттерге ие жаңа заттарды синтездеу әдістерін зерттеп табу. Белгілі химиялық қосылыстардың саны орасан көп: ХХ ғасырдың аяғында олардың саны он миллионға жетті.

Әдістемелік нұсқаның әрбір тақырыбында оқытылатын курстың маңызды тарауларын қарастыра отырып, өзін тексеруге арналған бақылау сұрақтары келтірілген, сондай-ақ типтік есептер шығару үшін бақылау тапсырмалары берілген.

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Бірімжанов Б.А., Нұрахметов Н.Н. Жалпы химия. – Алматы: Мектеп, 1993.
2. Омаров Т.Т., Танашева М.Р. Бейорганикалық химия. – Алматы: Дәуір, 2008.– 544 б.
3. Қарсыбеков М.Ә. Аорганикалық химия. – Алматы: Ғылым, 2005.
4. Сағынаев А.Т., Төремұратова Г.Т. Химия есептерін шығарып үйренейік.- Алматы: Баспа, 1996.
5. Шоқыбаев Ж., Бегалиев Ж. Жалпы химия практикумы. – Алматы: Рауан, 1994.


Тақырып 1 Бейтараптану реакциялары энтальпиясын анықтау

Теориялық сұрақтар

1. Энергия. Экзотермиялық, эндотермиялық реакциялар. Энергия түрлері: жылулық, жарықтық, химиялық, ядролық және т.б энергиялар. Энергия типтері: кинетикалық және потенциалдық энергиялар. Термодинамиканың бірінші заңы.
2. Энтальпия. Стандартты түзілу энтальпиясы. Реакцияның стандартты энтальпиясы. Гесс заңы.
3. Энтропия. Гиббстің еркін энергиясы. Реакцияның өзіндік жүру мүмкіндіктері.

Сабаққа дайындалуға әдістемелік ұсыныстар

Бейтараптану реакциясының энтальпиясын (ΔH) анықтау деп – реакция бойынша күшті қышқыл мен күшті негізден бір моль судың түзілу реакциясының жылуын (Q) анықтауды айтады:



Күшті негіздерді күшті қышқылмен бейтараптану энтальпиясы олардың табиғатына тәуелсіз және оның шамасы 57,6 кДж/моль-ға тең. Тәжірибе жүзінде химиялық реакциялардың жылу эффектілерін анықтау үшін арнайы калориметр приборы қолданылады. Калориметрде жұтылған немесе сіңірілген жылу мөлшері $q = (t_2 - t_1) \cdot \sum C$ формуласы арқылы өрнектеледі, мұндағы t_2 – ерітіндінің соңғы температурасы, t_1 – ерітіндінің бастапқы температурасы, ал жүйенің жылу сыйымдылығы массасы m_1 стақаннан және жылу сыйымдылығы C_1 мен m_2 ерітінді массасынан және C_2 жылу сыйымдылығынан тұратын $\sum C = C_1 m_1 + C_2 m_2$ формуласымен өрнектеледі.

Жазу және есептеу формасы

1. Калориметрлік стақан массасы $m_1 = \dots$ г.
2. Қышқыл ерітіндісінің температурасы $t_k = \dots$ °С.
3. Сілті ерітіндісінің температурасы $t = \dots$ °С.
4. Ерітіндінің бастапқы температурасы $t_1 = (t_k + t_{ш})/2 = \dots$ °С.
5. Ерітіндінің соңғы температурасы $t_2 = \dots$ °С.
6. Калориметрдегі ерітінді массасы $m_2 = 75 (p_k + p_c) = \dots$ г.

Мұндағы, p_k – күкірт қышқылы ерітіндісінің тығыздығы (г/мл), ал p_c – нарий гидроксиді ерітіндісінің тығыздығы (г/мл). p_k және p_c мәндерін кестеден немесе шамамен 1 г/мл-ге тең деп алуға болады.

Калориметрде бөлінетін жылу мөлшері $q = \dots$ кДж.

$$Q = (t_2 - t_1)(c_1 m_1 + c_2 m_2) / 1000$$

мұндағы c_1 – алюминийдің жылу сыйымдылығы, $c_1 = 0,905$ Дж/(г·град), c_2 – ерітіндінің меншікті жылу сыйымдылығы, $c_2 = 4,19$ Дж/(г·град).

7. Бейтараптану реакциясы энтальпиясының эксперименттік мәні

$$\Delta H = -Q = -q/0,075 = \dots \text{ кДж/моль.}$$

9. Тәжірибенің салыстырмалы қателігі $K = (T - \Delta H)/T \cdot 100\% = \dots\%$,


мұндағы T – бейтараптану энтальпиясының теориялық мәні

$T = -57,6$ кДж/моль, а


Э – бейтараптану энтальпиясының ΔH тәжірибелік мәні.

Есептер мен жаттығулар

1. Келесі реакциялардың ΔH^0 мәнін есептеңдер:



Егер заттардың түзілу энтальпиясы төмендегідей болса (кДж/моль):




2. $\text{C}(\text{графит}) + 2\text{N}_2\text{O}(\text{г}) = \text{CO}_2(\text{г}) + 2\text{N}_2(\text{г})$ реакциясындағы CO_2 (г) түзілу энтальпиясын анықтаңдар. NO_2 (г) түзілу энтальпиясы 82,0 кДж/моль және реакция үшін $\Delta H^0 = -557,5$ кДж тең.

3. $2\text{H}_2\text{O}_2 \rightarrow 2\text{H}_2\text{O}(\text{ж}) + \text{O}_2$ реакциясындағы H_2O_2 түзілу энтальпиясын анықтаңдар. $\Delta H^0_{\text{түз}}(\text{H}_2\text{O}(\text{ж})) = -286$ кДж/моль және реакция үшін $\Delta H^0 = -196$ кДж тең.

4. $\text{CH}_4(\text{г}) + 2\text{O}_2(\text{г}) = 2\text{H}_2\text{O}(\text{г}) + \text{CO}_2(\text{г})$ реакциясындағы $\text{CH}_4(\text{г})$ түзілу энтальпиясын анықтаңдар. $\text{CO}_2(\text{г})$ и $\text{H}_2\text{O}(\text{г})$ ΔH^0 мәндері сәйкесінше -394 және -242 кДж/моль және реакция үшін $\Delta H^0 = -802$ кДж тең.


5. Есепулер жүргізбей келесі реакциялардың энтропиясы қалай өзгередігін анықтаңдар:



6. Келесі реакциялардың ΔG^0 мәнін есептеп, реакцияның стандартты жағдайда жүру бағытын анықтаңдар:



Егер заттардың стандартты Гиббс энергиясының мәндері (кДж/моль) төмендегіше болса:



Тақырып 2 Химиялық кинетика және химиялық тепе-теңдік

Теориялық сұрақтар

1. Гомогенді және гетерогенді процестер үшін реакцияның химиялық жылдамдығы.
2. Химиялық реакцияның жылдамдығына әсер ететін факторлар.
3. Реакция жылдамдығының реагент концентрациясына тәуелділігі. Жай және күрделі реакциялар. Реакцияның молекулалығы мен реттілігі.
4. Реакция жылдамдығының температураға тәуелділігі. Вант-Гофф ережесі. Химиялық реакция жылдамдығының температуралық коэффициенті.
5. Активтену энергиясы. Аррениус теңдеуі.
6. Катализаторлар. Гомогенді және и гетерогенді катализ. Катализатор қатысуының әсері. Автокатализ.
7. Химиялық тепе-теңдік. Химиялық тепе-теңдік жағдайлары.
8. Массалар әрекеттесу заңы. Химиялық тепе-теңдік константасы.
9. Химиялық тепе-теңдіктің ығысуы. Ле Шателье ережесі.

Есептер мен жаттығулар

1. Көлемдері бірдей екі ыдыста бір-біріне тәуелсіз екі түрлі реакция жүріп жатыр. Бірінші ыдыстан 7,3 г хлорсутек алынса, ал екінші ыдыстан тура сондай уақыт аралығында 19,2 г йодсутек алынды. Қай ыдыстағы реакцияның орташа жылдамдығы жоғары?
2. Келесі процестер үшін реакция жылдамдығының өрнегін жазыңыз:
 - a) $S (к) + O_2 (г) \rightarrow SO_2 (г)$
 - б) $2NO (г) + O_2 (г) \rightarrow 2NO_2 (г)$
 - в) $CaO (к) + CO_2 (г) \rightarrow CaCO_3 (к)$
 - г) $CaCO_3 (к) \rightarrow CaO (к) + CO_2 (г)$
 - д) $2HI (г) \rightarrow H_2 (г) + I_2 (г)$
 - е) $2A (г) + B (г) \rightarrow C (г)$
3. Реакция жылдамдығы қалай өзгереді: $2NO + Cl_2 = 2NOCl$
 - а) хлордың концентрациясын 2 есе арттырғанда?
 - б) NO концентрациясын 3 есе арттырғанда?
 - в) жүйе қысымын 4 есе арттырғанда?
4. Температура $t = 124^{\circ}C$ кезінде реакция 4 минутта аяқталды. Егер $\gamma=4$ және $t = 84^{\circ}C$ болса, реакция қандай уақытта аяқталады?
5. Температура $t = 57^{\circ}C$ кезінде реакция 1 сағат 4 минутта аяқталды. Егер $\gamma=2$ тең болса және реакция 1 сағатта аяқталса, температураның мәні қандай?
6. Келесі процестер үшін тепе-теңдік константасының өрнегін жазыңыз:
 - a) $2SO_2 (г) + O_2 (г) \leftrightarrow 2SO_3 (г)$
 - б) $N_2 (г) + O_2 (г) \leftrightarrow 2NO (г)$
 - в) $CaO (к) + CO_2 (г) \leftrightarrow CaCO_3 (к)$
 - г) $3H_2 (г) + N_2 \leftrightarrow NH_3 (г)$
 - д) $2HI (г) \leftrightarrow H_2 (г) + I_2 (г)$
 - е) $2A (г) + B (г) \leftrightarrow C (г)$
7. Реакция тепе-теңдігі қалай ығысады: $2H_2 + O_2 = 2H_2O (г), \Delta H < 0$.
 - а) қысымды төмендеткенде,
 - б) жүйе көлемін арттырғанда,
 - в) температураны арттырғанда,
 - г) оттег концентрациясын азайтқанда,
 - д) су буы концентрациясын азайтқанда?
8. Реакция тепе-теңдігі қалай ығысады: $N_2 + O_2 = 2NO (г), \Delta H > 0$.
 - а) қысымды төмендеткенде,

- б) жүйе көлемін азайтқанда,
 в) температураны арттырғанда,
 г) оттегі концентрациясын азайтқанда,
 д) NO концентрациясын азайтқанда?
9. $2A(г) + B(г) \leftrightarrow C(г)$ реакциясындағы А және В заттарының бастапқы концентрациясы 0,5 және 0,3 моль/л. Реакция жылдамдығының константасы 0,4 тең. Реакцияның бастапқы жылдамдығын және В затының концентрациясы 0,1 моль/л мәнге азайып, уақыт өткеннен кейінгі жылдамдықты есептеңдер. Егер А затының 50%-ы реакцияға түссе, реакцияға қатысқан барлық заттардың тепе-теңдік концентрацияларын анықтап, тепе-теңдік константасын есептеңдер.
10. Егер бір уақытта қысымды 2 есе, ал температураны 10°C -қа арттырса, онда $\text{N}_2 + \text{O}_2 = 2\text{NO}(г)$ реакциясының тепе-теңдігі қай бағытқа ығысады? Есептеу нәтижелерінің мәндеріне сүйеніп, реакцияның ΔH таңбасын анықтаңдар.

Тақырып 3 Тұз қышқылының ерітінділерін даярлау

Теориялық сұрақтар

1. Ерітінді, еріген зат, еріткіш. Ерітінділерге мысалдар.
2. Еру кезіндегі жылу эффектілері.
3. Ерітіндідегі еріген заттың массалық үлесі.
4. Ерітіндідегі еріген заттың молярлық концентрациясы.
5. Эквивалент, эквиваленттік фактор, заттардың эквиваленттік молярлық массасы.
6. Ерітіндідегі еріген заттардың эквиваленттік молярлық концентрациясы.
7. Эквиваленттер заңы. Ерітінділер үшін эквиваленттер заңы.

Есептер мен жаттығулар

1. Өсімдіктерге тыңайтқыш ретінде 300 кг 0,5%-тік калий селитрасының ерітіндісі қажет болды. Ерітінді дайындау үшін қанша селитра және су қажет?
2. 450 г суда 50 г $\text{CuSO}_4 \cdot 7\text{H}_2\text{O}$ еріткен. Сусыз тұздың массалық үлесін есептеңдер.
3. 300 мл 0,2н ерітінді даярлау үшін қанша натрий селитрасы (NaNO_3) қажет?
4. Массалық үлесі 0,49 ($\rho=1,33$ г/моль) тең H_3PO_4 ерітіндісінің эквиваленттік молярлық концентрациясын және молярлық концентрациясын есептеңдер.
5. 0,5 л 0,5М ($\omega=0,3$ и $\rho=1330$ г/мл) NaOH ерітіндісін дайындау үшін қанша мл алу қажет?
6. $\omega=0,02$ және $\rho=1,010$ г/мл, 5 л ерітінді дайындау үшін азот қышқылынан ($\omega=0,50$, $\rho=1,315$ г/мл) қанша мл қажет?

7. $\omega=0,02$ ерітінді алу үшін 25 мл КОН ($\omega=0,40$, $\rho=1,41$ г/мл) ерітіндісіне қанша су қосу қажет?
8. 100 мл 0,4М NaOH ерітіндісін дайындау үшін 0,2М және 0,9М NaOH ерітіндісінен қанша мл алу қажет?
9. 30мл 0,1н H₂SO₄ ерітіндісін бейтараптау үшін 12 мл NaOH қажет. NaOH ерітіндісінің эквиваленттік молярлық концентрациясы нешеге тең?
10. 15 мл 2 н CuCl₂ ерітіндісіндегі мысты Cu(OH)₂ түрінде тұнбаға түсіру үшін қанша мл 0,50н NaOH ерітіндісі қажет?
11. 250г суда 50г кристаллогидратты CuSO₄*5H₂O еріткен. Кристаллогидраттың және ерітіндідегі сусыз тұздың массалық үлесін есептеңдер.
12. Азот және күкірт қышқылынан тұратын ерітінді үлгісі берілген. Ерітіндінің осы үлгісіне 40 г BaCl₂-дың артық мөлшерін қосқанда массасы 9,32 г тұнба алынған. Массасы 20 г бастапқы ерітінді үлгісін бейтараптау үшін массалық үлесі $\omega=0,18$ және $\rho=1,20$ г/мл, 14 мл NaOH ерітіндісі қажет болса, бастапқы ерітіндідегі қышқылдардың массалық үлестері қандай?

Тақырып 4 Электролиттік диссоциация теориясы. Иондық реакциялар. Екідайлылық

Теориялық сұрақтар

1. Электролиттік диссоциация. Иондық байланыспен (негіздер мен тұздар) және коваленттік байланыспен байланысқан қосылыстардың (қышқылдар) диссоциациясы.
2. Диссоциациялану дәрежесі. Күшті және әлсіз электролиттер. Күшті және әлсіз электролиттерге мысалдар.
3. Диссоциациялану константасы. Электролиттер диссоциациясын диссоциациялану константасы арқылы қалай түсіндіруге болады?
4. Оствальдтың сұйылту заңы. Ерітінділердің концентрациясының азаюы әлсіз электролиттердің диссоциациясына қалай әсер етеді?
5. Күшті электролиттердің диссоциациясы. Активтілік. Активтілік коэффициенті. Ерітіндінің иондық күші. Ион активтілігінің ион зарядына және ерітіндінің иондық күшіне тәуелділігі.
6. Реакцияның иондық теңдеуі. Ерітіндіде реакциялардың жүру жағдайлары.
7. Амфотерлі гидроксидтер. Амфотерлі электролиттер диссоциациясы.

Есептер мен жаттығулар

1. Келесі қосылыстардың электролиттік диссоциация теңдеуін жазыңдар:
а) Mg(OH)₂; б) MgOHCl; в) H₂CO₃; г) NaHCO₃; д) CuCl₂; е) H₃PO₄; ж) NaH₂PO₄; з) Na₂HPO₄; и) Na₃PO₄; к) Al₂(SO₄)₃.
2. Күкіртті сутек қышқылының H₂S және күкіртті қышқылдың H₂SO₃ диссоциациялану теңдеуін екі сатыда жазып көрсетіңдер. Аталған

қышқылдардың диссоциациялану константасының мәндерін кестеден тауып, қай қышқыл күштірек екендігін анықтаңдар.

- $2\text{H}^+ + 2\text{CrO}_4^{2-} \leftrightarrow \text{Cr}_2\text{O}_7^{2-} + \text{H}_2\text{O}$ реакциясының тепе-теңдігі: а) қышқыл, б) сілті қосқанда қай бағытқа ығысады? Неліктен?
- 0,1М CH_3COOH немесе CH_3COONa ерітінділерінің қайсысында ацетат иондарының мөлшері көбірек? Әрбір ерітіндідегі ацетат ионының концентрациясын есептеңдер.
- Тұз қышқылы мен мырыш бар пробиркаға натрий ацетатын қосқан. Осы кезде сутектің бөліну жылдамдығы қалай өзгереді? Егер 100 мл 0,2М HCl ерітіндісіне 100 мл 0,2М CH_3COONa ерітіндісін қосса, ерітіндідегі сутек ионы концентрациясы қалай өзгереді?
- Келесі ерітінділердің диссоциациялану дәрежесін анықтаңдар: а) 0,05М HNO_2 , б) 1М HF , в) 0,2М CH_3COOH , г) 0,01М HCN .
- Егер диссоциациялану дәрежелері: а) CH_3COOH үшін 1%, б) HClO үшін 0,1%, в) HCN үшін 0,01%, г) HF үшін 5% мәндеріне тең болса, қышқыл ерітінділерінің молярлық концентрациясын анықтаңдар.
- а) 0,01М NaCl , б) 0,01М CuSO_4 , в) 0,01М FeCl_3 , г) 0,01М $\text{Al}_2(\text{SO}_4)_3$ ерітінділеріндегі иондар активтілігін және иондық күшін есептеңдер.
- Төмендегі гидроксидтердің: а) $\text{Be}(\text{OH})_2$, б) $\text{Cr}(\text{OH})_3$, в) $\text{Pb}(\text{OH})_2$, г) $\text{Al}(\text{OH})_3$ амфотерлік қасиеттерін сипаттау үшін молекулалық және иондық түрдегі реакция теңдеулерін жазып көрсетіңдер.

Тақырып 5 Электролит ерітінділеріндегі гетерогенді тепе-теңдік

Теориялық сұрақтар

- Аз еритін заттар – әлсіз электролиттер ретінде. Ерігіштік түсінігі (s).
- Гетерогенді тепе-теңдік: тұнба – қаныққан ерітінді. Ерігіштік константасы K_s (немесе ерігіштік көбейтіндісі EK).
